




## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ЗАҢ ЖОБАСЫ КІМНІҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙДЫ?



Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палата отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы кеңінен талқыланды. Бұл құжат жай ғана техникалық түзетулер жиынтығы емес, ел экономикасындағы ойын ережесін қайта қарауға бағытталған маңызды қадам. Заң жобасының негізгі мақсаты – Мемлекет басшысының 2023 жылғы жолдауында айтылған тапсырмаларды іске асыру, яғни тауар нарықтарын монополиясыздандыру және әділ бәсекелестікті қалыптастыру.

(Жалғасы 6-бетте)

## ПӘРМЕН

Ел Президенті былтырғы жолдауында су мәселесін шешу – әлеуметтік тұрақтылықты сақтап, экономиканы дамытудың кепілі екенін атап өтіп, бұл – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін басты фактордың бірі екенін назарға салды. Осы ретте құзырлы органдарда су ресурстарының көлемі туралы нақты мәліметтің жоқтығын сынға алған Мемлекет басшысы кейбір каналдағы судың 50-60 пайызы ысырап боп жатқанын және суды есепке алу технологиясы ебден ескіргенін мәселе етіп көтерді.

## СУ - СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР РЕСУРС

«Суды бөліп тарататын орындарда қазіргі заманға сай құрылғылар жоқ. Шын мәнінде, су – стратегиялық маңызы бар ресурс, сусыз өмір жоқ. Сондықтан бұл сала ұлттық цифрлық жаңғыру жұмысындағы басты бағыттың бірі болуға тиіс. Су ресурстарының бірыңғай цифрлық платформасын жасау керек. Онсыз бұл салаға тиісті бақылау орнатып, инвестиция тарту мүмкін емес», – деп Үкіметке нақты тапсырма берген.

ҚР ҰҒА президенті Ақылбек Күршібаевтың сөзіне қарағанда, Үкімет Бірыңғай су ресурстары платформасын және Ұлттық ақпараттық жүйені құрудың нақты мерзімдерін белгілеген. Бүгінде су ресурстарын басқару әлі де фрагменттелген күйде. Жерүсті суларының 44,3 пайыздан астамы Қазақстан аумағынан тыс жерде қалыптасады. Алынған судың тек 42 пайызы ғана тұтынушыға жетеді. 13 мың каналдың жартысында толыққанды есеп жүргізілмейді. Деректер бытыраңқы, ал бағалаулар көбіне ескірген зерттеулерге сүйенеді. Бұл бізде тек су тапшылығы ғана емес, су туралы сенімнің де жетіспеушілігі бар екенін көрсетеді.

Қазіргі жағдай тек су тапшылығымен шектелмей, климаттың өзгеруі, мұздықтардың азаюы, ағынның тұрақсыздығы, құрғақшылық пен тасқындардың жиілеуі, топырақтың деградациясы, шөлейттену, су сапасының төмендеуі, инфрақұрылымның тозуы және деректер тапшылығы сияқты кешенді мәселелермен бай-

ланысты. Осыған орай су ресурстарын басқарудың ғылыми негізделген интеллектуалды жүйесін қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр.

«Бұл жүйе дайын шетелдік шешімдерді жай көшіру арқылы емес, оларды Қазақстанның табиғи-географиялық және гидрологиялық ерекшеліктеріне бейімдеу арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Қазіргі таңда «Жасанды интеллект негізіндегі DeepBas су ресурстарын басқарудың интеграцияланған жүйесі» атты флагмандық ғылыми-техникалық бағдарламаға арналған ғылыми-техникалық тапсырма әзірленді. Келесі кезең – жүйе архитектурасын, әдіснамалық тәсілдерді және негізгі зерттеу бағыттарын қамтитын толыққанды ғылыми бағдарламаны қалыптастыру болып табылады. Ғылыми тұрғыдан алғанда, жоба жерүсті және жерасты сулары, климаттық және гидрологиялық бақылаулар, жер ресурстары мен инфрақұрылым сипаттамалары жөніндегі деректерді бірыңғай жүйеге біріктіруді көздейді. Соның негізінде модельдер, болжау құралдары және басқарушылық шешімдерді қолдау тетіктері қалыптастырылып, жасанды интеллект білімді интеграциялау мен талдауды күшейтудің негізгі құралы ретінде қарастырылады», – дейді А.Күршібаев.

Академиктің сөзіне қарағанда ҚР ҰҒА 2025 жылдан бастап Қытайдың ғылыми және технологиялық ұйымдарымен тұрақты серіктестік қатынастар орнатқан.

(Жалғасы 4-бетте)

## СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

### «БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛУ ҮШІН ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ ЖЕТКІЛІКСІЗ»

Қоғамдағы құқықтық сана деңгейі – мемлекеттің дамуын айқындайтын маңызды көрсеткіштердің бірі. Алайда бүгінгі таңда заңды білу мен оны сақтау екі түрлі ұғымға айналып бара жатқандай. Жаңа буынның құқыққа деген көзқарасы қандай? Университеттер кәсіби ғана емес, жауапкершілігі жоғары заңгерлерді дайындап жатыр ма? Осы және өзге де өзекті мәселелер төңірегінде біз Абай атындағы ҚазҰПУ Тарих және құқық факультеті «Құқықтану» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD доктор **БЕЛХОЖАЕВА Динара Жомартқызымен** сұхбаттастық.

– Қазіргі қоғамдағы құқықтық санының деңгейін қалай бағалайсыз?

– Қазіргі қоғамдағы құқықтық санының деңгейін біржақты бағалау қиын, себебі ол елге, әлеуметтік топқа, білім деңгейіне және мәдени ортаға байланысты әртүрлі көрініс табады. Дегенмен, жалпы алғанда бірнеше негізгі үрдістерді атап өтуге болады. Біріншіден, құқықтық сана деңгейі біртіндеп өсіп келеді. Адамдар өз құқықтары мен міндеттері туралы бұрынғыға қарағанда көбірек біледі, заңдық ақпаратқа интернет, әлеуметтік желілер арқылы қолжетімділік артты. Бұл азаматтардың заңды қорғау механизмдерін қолдануына оң әсер етуде. Екіншіден, құқықтық нигилизм де сақталып отыр. Кейбір адамдар заңды толық құрметтемейді немесе оны айналып өтуге тырысады. Бұл көбінесе құқықтық мәдениеттің жеткіліксіздігімен, сыбайлас жемқорлықпен немесе заңдарға сенімнің төмен болуымен байланысты. Үшіншіден, жастар арасында құқықтық сана екіжақты сипатқа ие: бір жағынан, олар құқықтары туралы белсендірек біледі және қорғай алады; екінші жағынан, кейде жауапкершілік мәселесіне жеңіл қарайды. Жалпы алғанда, қазіргі қоғамдағы құқықтық санының деңгейі орташадан жоғары деп бағалауға болады, бірақ оны одан әрі дамыту үшін құқықтық білім беруді күшейту, заңның үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру қажет.



– Осы деңгейдің қалыптасуына білім беру жүйесі қаншалықты әсер етіп отыр?

(Жалғасы 5-бетте)

2-БЕТ



Судьялар одағының 30 жылдық мерейлі белесі

3-БЕТ



Алматы – ең тартымды туристік бағыт

6-БЕТ



Бала құқығын бұзғандарға жаза қатаң

**ТАРИХ ПЕН ТАНЫМ**

# СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙЛІ БЕЛЕСІ

Ақтөбе облыстық сотының қалыптасу тарихы Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу кезеңімен тікелей байланысты. 80 жылда сот құрылымы мен сот өндірісі жетілдіріліп, сот әділдігін жүзеге асыруда басымдықтар өзгеріп, аумақтағы соттың жүйесі қалыптасты.

Ақтөбе облыстық сотының тарихы 1932 жылдың 12 наурызынан әлдеқайда бұрын басталады. 1932 жылға дейін аумағына Ақтөбе облысы енген Торғай өлкесінің революциялық кезеңге дейінгі сот жүйесіне хандық заңдар бойынша сот төрелігін жүргізген бітімгер судьялар, басшылар, болысты басқарушылар, аумақтық соттар мен сот палаталары кірген.

Жалпы империялық сот жүйесімен бірге билер мен қазылар соты 3 құрамнан тұрған: дара билер, билердің болыстық съезі, төтенше жағдайлар бойынша билердің съезі.

Сол кезеңдегі сот жүйесінің тарихы – Кіші жүздің XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың басындағы қазақ мемлекетінің саяси құқықтық жүйесінің қалыптасуына зор үлес қосқан Әйтеке бимен тығыз байланысты. Танымал тарихи зерттеуші А.Левшин «Қырғыз-қайсақ құқығы» жазбасында Тәуке ханмен бірге Әйтеке би де «Жеті Жарғыны» жазушылардың бірі екендігін айтқан.



**Ерлан БАҚЫТЖАН,**  
ҚР Судьялар одағының мүшесі,  
Ақтөбе облысы Хромтау аудандық  
сотының төрағасы

## Мұрағат деректері сөйлейді...

1920 жылы 26 тамызда Қырғыз (Қазақ) АССР-ның құрылуынан кейін халық соттарының құрылуы басталды. Мұрағат деректеріне сүйенсек, Ақтөбе губерниялық халық депутаттар кеңесі кассациялық сот органы болып 1921 жылы 23 қыркүйекте құрылған. Оның құзыретіне халық соттарының жұмысын бақылау, сот үкімдеріне, шешімдеріне қатысты жеке және кассациялық шағымдарды қарау кірген. Бұдан кейін 1923 жылдың 2 мамырында Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің сот құрылымы туралы ережесі негізінде Ақтөбе губерниялық соты құрылды. Оның құзыретіне учаскелік судьялардың жұмысын бақылау, қылмыстық және азаматтық істерді кассациялық сатыда қарау, бірінші сатыдағы байлардың мүлкін тәркілеу сияқты істерді қарау жатқан.

Қазақстанның сот жүйесінің даму тарихында әр жылдары Жоғары сот органдарын басқарған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қатары аз болған жоқ. Ақтөбе губерниясынан Тілеужан Мұқашев пен Мырзақұл Атаниязов РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінің алғашқы төрағаларының бірі болған.

## Сот өндірісіне қазақ тілі енгізілген уақыт

1923 жылдың маңызды оқиғаларының бірі сот өндірісіне қазақ тілінің енгізілуімен байланысты болды. Ақтөбе губерниялық соты Қазақ бөлімшесін

паққара, Жұрын, Жетіқара, Денисов, Ырғыз, Қарабұтақ, Қостанай, Ключевой, Мәртөк, Меңдіғара, Новоресей, Родников, Семнозерный, Степной, Табын, Темір, Торғай,

құрамының жоқтығына байланысты іс қысқартылды.

Сонымен қатар Ақтөбе облысы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік департаментінің мұрағат деректеріне сүйенетін болсақ, Ақтөбе облысының 6 халық судьясы заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған. Олар: Нұрахмет Имамбаев, Бермұхамет Күшқұмбаев, Садыр Құсниязов, Даир Имангазин, Қанар Даулетов, Алжан Байқоңеков.

## Төрағалар жаңа істердің ұйытқысы

Ал Ақтөбе облыстық сотына қызыл империяның қылышынан қан тамып тұрған ең қиын уақыттарда төраға болған Қарақойшы Сақыпов бастаған бір топ азаматтар өмірлерін кәсіби қызметіне сарп еткен сот жүйесінің ардагерлері еді. Олар бірінші кезекте Ұлы Отан соғысының ардагерлері, өз Отанының қайсар сарбаздары болған.

80 жыл ішінде облыс судьялары тарихымыздағы түрлі қиын кезеңдердің сынақтарынан сүрінбей өтуіне сот

ұйымдастыру туралы қаулы қабылдап, оның құрамына губерниялық соттың барлық ұлтты қазақ мүшелері кірді. Іс өндірісін қазақ тілінде бір қалыпты жүргізу мақсатында іс өндірісі мен сот өндірісінің орыс тілінде қолданылып жүрген құжат үлгілері және процесс барысында жиі қолданылатын кейбір терминдер қазақ тіліне аударылды.

Кеңестер Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитеті 1932 жылдың қаңтар айында Қазақстанда облыстар құру қажет деп шешті. Бұл аудандарды одан әрі нығайту, шаруашылық және мәдени құрылысқа басшылықты жақсарту, республиканың экономикасын дамыту үшін қажетті шарттар жасау үшін ерекше маңызды болды.

1932 жылы 20 ақпанда құрамында 28 ауданы бар Ақтөбе облысы құрылғаннан кейін, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Әділет халық комиссариатының 1932 жылғы 12 наурыздағы бұйрығымен Ақтөбе облыстық соты құрылды. Облыстық сот бұрын жұмыс істеген округтік соттың қызметтерін өзіне қабылдады.

Сот әділдігі қызметін жүзеге асыру үшін облыстық соттың құрамын еңбекшілердің халық депутаттары облыстық кеңесі 5 жыл мерзімге сайлады және ол төрағадан, оның екі орынбасарынан, мүшелерінен және халық заседательдерінен тұрды.

Сот әділдігі өзіндік ерекшелігі бар мемлекеттік қызмет ретінде тек қана заңға бағыну және соттардың тәуелсіздігі негізінде жүзеге асырылды.

Ақтөбе аумағында ұйымдастырылған сәтінен бастап облыстық сотқа Ақтөбе, Ақбұлақ, Арал, Адамау, Бат-

*Сол кезеңдегі сот жүйесінің тарихы - Кіші жүздің XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың басындағы қазақ мемлекетінің саяси құқықтық жүйесінің қалыптасуына зор үлес қосқан Әйтеке бимен тығыз байланысты. Танымал тарихи зерттеуші А.Левшин «Қырғыз-қайсақ құқығы» жазбасында Тәуке ханмен бірге Әйтеке би де «Жеті Жарғыны» жазушылардың бірі екендігін айтқан.*

жылы Родниковка, Байғанин аудандық соттары қалыптасқан.

## Аққа қара жұқпайды

Ақтөбе облыстық сотының бірінші төрағасы Қалау Құлшаров сот жүйесіндегі мықты маман ретінде Орал губерниялық сотына қызметке жіберіледі, осы салада талмай жұмыс жасап, мол тәжірибе жинақтап, кәсіби міндетін адал атқарғаны үшін 1931 жылдың қаңтар айында Республика Жоғарғы Сотының мүшесі болып сайланады. Қ.Құлшаров 1938 жылы контрреволюциялық әрекетке қатысы бар деген айып тағылып, жазықсыз қамауға алынды. Содан соң прокурор мен адвокаттың қатысуынсыз 15 минутта өткізілген сот отырысында айыпты деп танылып, ату жазасына кесілді. Қалау Құлшарұлының есімі 1930–1950 жылдары Алматы қаласы мен облысы бойынша саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың тізімі берілген «Естелік кітабына» енгізілген.

20 жыл өткеннен кейін ғана 1958 жылғы 27 наурыздағы Кеңес Одағының Жоғарғы Соты әскери алқасының ұйғарымымен Қалау Құлшарұлына қатысты 1938 жылғы 7 наурыздағы Кеңес Одағының Жоғарғы Соты әскери алқасының үкімі жойылып, қылмыс

жұмыын басқарған Қалау Құлшаров, Иван Кириенко, Мендияр Дәулетов, Шәшім Жайлыбаев, Мақпалбай Ақпамбетов, Қарақойшы Сақыпов, Амангали Тұрмағамбетов, Қойшы Кейкин, Иран Әміров, Бектас Бекназаров сияқты жоғары деңгейдегі кәсіби мамандардың, өз ісіне берілген үздік заңгерлердің еңбегі зор. Өкінішке қарай, облыстық соттың алғашқы төрағалары туралы деректер сақталмаған. Бірақ кейінгі ұрпақ олардың әрқайсысы сот жүйесінің қалыптасуына мол үлес қосып, ауыр кезеңдерде қызмет атқарғанына еш күмән келтірмейді.

Ақтөбеден басталған реформаны әнгімәлесек, Қарақойшы Сақыпұлы 25 жыл Ақтөбе облыстық сотының төрағасы қызметінде болып, тәуелсіз сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуына, заңның нығаюына өз үлесін қосқан.

Ақтөбе облыстық сотын 1986 жылдан 1995 жылдар аралығында қазақ елі үшін маңызды өзгерістер кезеңінде басқарған Қойшы Кейкин тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, жас мемлекетте сот жүйесінің құрылуы мен сот өндірісіндегі реформалар қатар жүрген үрейлі кезеңде өзінің білгір басшы екенін көрсетіп, республикада зор белге ие болды.

Ал облыстық сот Бектас Бекназаров басқарған кезеңде жаңашыл, реформашыл басшының біліктілігінің арқа-

сында тәуелсіз елдің жаңа сот жүйесінің қалыптасуына үлкен үлес қосып, соттардың электрондық құрылғыларды пайдаланудың осы заманғы үлгісімен жұмыс істеу тәртібі Ақтөбеден басталды.

Облыстық сот ғимаратының төртінші және бесінші қабаттарының қосылуы да Бектас Әбдіханұлының игі істерінің жалғасы болып табылады. Ол Ақтөбе облыстық сотына төрағалық еткен кезеңде прокуратура және сот актілерін орындау департаменттері қызметкерлерімен бір ғимаратта отырған судьялар мен мамандардың мәселесін шешуге тікелей бастамашы болды. Алға, Хромтау, Ойыл аудандық соттарының және Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық қылмыстық істер бойынша сот ғимараттарының ашылуына мұрындық болды.

## Маңызды қоғамдық институт

Ақтөбе облыстық сотындағы кәсіби біліктілігінің нәтижесінде қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары Амангали Рысқалиев пен Айсұлу Шайкенова кейінгі буынға үлгі болып отыр.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Ақтөбе филиалы жанынан қоғамдық кеңес құрылды. Оның құрамындағы сот ардагерлері ақыл-кеңестерін ортаға салып, судьялыққа үміткерлерді іріктеу жұмыстарын жүргізуге көмектеседі.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында құрылған Судьялар одағы құқықтық мемлекеттің негіздерін нығайтуға бағытталған маңызды қоғамдық институт ретінде қалыптасты. Ұйымның басты мақсаты – судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу, олардың кәсіби беделін арттыру, заңдылық пен әділдік қағидаттарын берік ұстау болды.

Отыз жыл ішінде ҚР Судьялар одағы сот жүйесін жетілдіруге бағытталған көптеген бастамалардың ұйытқысына айналды. Судьялардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, кәсіби әдеп нормаларын сақтау, тәжірибе алмасу, жас судьяларды қолдау – одақ қызметінің негізгі бағыты болып табылады.

Сонымен қатар, ұйым қоғамда құқықтық мәдениетті арттыруға, азаматтардың сот билігіне деген сенімін нығайтуға елеулі үлес қосып келеді. Судьялар одағы сот жүйесінде жүргізіліп жатқан реформаларға белсенді қатысып, сот төрелігін жүзеге асыру барысында туындайтын өзекті мәселелерді талқылайтын кәсіби алаң ретінде танылды. Бұл сот тәжірибесінің бірізділігін сақтауға, судьялардың тәуелсіздігі мен бейтараптығын қамтамасыз етуге оң ықпал етті.

Бүгінде Қазақстан Республикасының Судьялар одағы – судьялар корпусын біріктіретін, беделі жоғары әрі жауапты қоғамдық ұйым. Ол сот билігінің абыройын арттыруға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған қызметін тұрақты түрде жалғастырып келеді.

Мерейлі 30 жылды өткен жолға баға беріп, болашақ міндеттерді айқындайтын маңызды белес деп білу қажет. Алдағы уақытта да Қазақстан Республикасының Судьялар одағы әділ сот төрелігін жүзеге асыру, судьялардың тәуелсіздігі мен кәсіби беделін нығайту жолындағы қызметін табысты жалғастыра беретініне сенімім мол.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

**КӨКЖИЕК**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – жаңа бастамалардың жаршысы, еліміздегі ғылым мен руханияттың алтын ұясы. Білім ордасы қазіргі кезде Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарын бағдар ете отырып жұмыстарын үйлестіріп келеді.

Тұрақты дамуға бастайтын мақсаттардың төртінші бағыты «Сапалы білім беру» қағидаттарына арналған. Университетте сапалы білімнің айрықша үлгісін қалыптастырудың маңызы зор. Мұндай ізденіс тарихы терең оқу ордасының білім беру бағдарламасын жаңғыртуды ғана мақсат етпейді, сонымен бірге бұл қағидаттың басшылыққа алынуы еліміздегі өзге де жоғары оқу орындарына түзу жол көрсетуді, заманауи көмек

# ЖАСТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІС ЖАСАУЫНА ЖОЛ АШЫҚ



беруді де көздейді. Себебі ҚазҰУ – жоғары білім ордасының көшбасшысы. Қара шаңырақта дайындалған, жетілдірілген, жан-жақты сыннан

өткен білім бағдарламасы өзге оқу орындарының қиындықсыз жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Сапалы білім берудің бүгінгі алғышарты теория мен тәжірибені қатар үйлестіруге негізделген. Осы қағидат шеңберінде дайындалған бағдарлама студенттің қабілетін ашуға, заманауи технологияларды меңгеруіне, сындарлы ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Әсіресе университеттегі Smart campus, цифрлық білім платформалары, виртуалды зертханалар, ашық кітапханалар түлектердің жан-жақты маман болуының кепілі. Университет барлық студентке теңдей мүмкіндік беріп, әлеуметтік гранттар, ректор стипендиялары, ғылыми жобаларға қатысуға кең алаң жасап, білім алу процесін барынша әділ әрі адами құндылықтарға негіздеп келеді.

ҚазҰУ-да жастардың өз кәсібін жетік меңгеріп қоймай, терең ғылыми зерттеулермен айналысуына жан-жақты жағдай жасалған. Бүгінде қара

шаңырақта жиырмадан астам ғылыми-зерттеу институттары, инновациялық технопарк, жас ғалымдар орталығы, стартап жобаларға арналған инкубаторлар жұмыс істейді. Осындай мүмкіндіктің арқасында шәкірттер теорияны терең меңгеріп қоймай, ғылыми ізденістер жасап, өзін барлық қырынан сынап көреді.

Студенттер ғылыми ортада тәжірибе жинайды, халықаралық жобаларға қатысады, өз саласының болашағын айқындайтын зерттеулерге үлес қосады. Заң факультетінде де білікті заңгерлер дайындаумен қоса, құқық, заң саласын зерттейтін жас ғалымдар шоғырын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл мақсатты жұмыстардың оң нәтижесін көретін күн алты емес.

**Бақытқұл ҚОНЫСБАЙ,**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
PhD докторы

РУХАНИЯТ

# ӘУЕ ТОЛҚЫНЫНДА – ШАЛҚАР РАДИОСЫ

Ұлттың үнбайрағы атанған «Шалқар» радиосы қазақ руханияты мен ел тарихында орын алған ерекше құбылыс. Оның өліміздің дамуына қосқан үлесі өте зор. Бұл сәуірдің 10-ында Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханада өткен «Шалқар» радиосының 60 жылдығына арналған салтанатты іс-шарада айтылды.



Радио қызметкерлерін ҚР Президентінің атынан Мемлекет басшысының кеңесшісі Мәлік Отарбаев құттықтады. «Шалқар» радиосының 1966 жылдан бері ұлтымызға қалтқысыз қызмет етіп келе жатқанын атап өтіп: «Қазақтың дәстүрлі музыкасы мен төл өнерін, ұлттық мәдениеті мен әдебиетін, сағындырған ретро музыкасын, өткенімізден сыр шертетін «Алтын қордағы» асыл қазыналарымызды насихаттап, мемлекеттік тілде хабар тарататын нағыз ұлттық арнаға айналып отыр. Бұл белеске радио қызметкерлері ұзақ жылғы қажырлы еңбегімен, үздіксіз ізденуімен жеткені анық.

Радиожурналистика қызығы мен қиындығы мол, зор жауапкершілікті қажет ететін бірегей кәсіп. Сондықтан да ақпарат айдынында жүрген сіздерді үлкен белеспен құттықтай отырып, шабыттарыңыз шарықтай берсін дегім келеді. «Шалқар» радиосының қарыштап дамуына және өсіп-өркендеуіне қосқан қомақты үлестеріңіз бен сіңірген ерен еңбектеріңіз майталман маман ретінде маңдай тері төгіліп, көмей еті сөгіліп еңбек еткен сіздердің ұшан-теңіз білім-біліктеріңіз бен бірегей қарым-қабілеттеріңіз талабы таудай жастарға қашанда үлгі-өнеге», – деген Мәлік Нұржанұлы бірқатар радио қызметкерлерін ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хаты

және төсбелгісімен марапаттады. Атап айтқанда Руслана Құдайбергенова, Ғалым Есенсариев, Құрал Оңғарбеков, Мейрамгүл Нығметова, Жанар Оразымбетова, Гүлнұр Доскеева, Советхан Қоңырбаев, Гүлбану Мұқтарқұлова, Нұржамал Индибаева сияқты ардагерлер мен онда әлі де қызмет етіп жүрген журналистер Алғыс хат және төсбелгімен марапатталды. Ал Мұхтар Тұртаев, Ләззат Сыбанқұлова, Бағдагүл Шарғынова, Гүлбағыш Бостанова мен Гүлмира Нәлібай ҚР Президентінің Құрмет грамотасына ие болды.

Салтанатты жиында ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектенов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Премьер-Министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Қазақстан журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаевтың құттықтау хаттары да оқылды. Бұдан бөлек «Шалқар» радиосы туралы жазылған алғашқы «Ұлттың үнбайрағы» атты кітаптың таныстырылымы жасалды. Сондай-ақ қазақтың тұңғыш радиодикторы, Қазақ радиосының ардагері, КСРО-ның Құрметті радиісі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Мина Сейітова атындағы дикторлар байқауының жарияланғандығы хабарланды. Ол туралы толығырақ «Шалқар» радиосының сайтынан (<https://qazradio.fm/shalqarfм/kz/>) оқып, білуге болады

Мәдениет және ақпарат министрлігінің бірінші вице-министрі Қанат Ысқақовтың айтуынша, қазір елімізде 60-тан аса радиостанция бар. 60 жылдық тарихы бар «Шалқар» радиосы қазіргі таңда ел аумағының 73 пайызына таралады. Министрлік енді ұлттық құндылықтар мен ұлттық руханиятымыздың және ұлттық тарихымыздың үнбайрағы ретінде «Шалқар» радиосының таралу аймағын 95 пайызға дейін жеткізуді алдына мақсат етіп қойып отыр.

«Шалқар» радиосы алғашқы кезде Қазақ радиосының «Соңғы хабарлар» редакциясының аясында құрылып, 1966 жылы қаңтардың 1-інде сағат 19:00-де дауылпаз диктор Әнуарбек Байжанбаев ақпаратты-сазды «Шалқар» бағдарламасының дүниеге келгенін хабарлады. Жеке радиотолқында эфирге шыққан «Шалқар» ақпаратты-сазды радиостанциясы бастапқы кезде тәулігіне 2 сағат хабар таратты. Жылдар өте келе эфир уақыты 6 сағат, 10 сағат, 12 сағат, кейіннен тәулік бойы эфирге шықты. Қазіргі кезде «Шалқар» радиосы тәулігіне 18 сағат хабар таратады. Ол алғаш құрылған күннен бастап-ақ ұлттық өнер мен әдебиетті, халықтық мұраны, дәстүрлі құндылықтарды насихаттауды басты мұрат тұтты. Оның бастауында Мифтах Жанткин, Едіге Әбдіғапаров, Таңатқан Рсаев, Бек Дулетбаев, Уақап Қыдырханұлы, Зәмзам-Шариф Тарғақов, Мансұр Сағатов, Кенжебек Есімов, Мадрид Рысбеков, Сәрсен Оспанов, Дулат Исабеков, Досан Жанбабаев, Жәніс Қашқынов, Нұрсұлтан Әлімқұлов, Кеңесжан Шалқаров, Руслана Құдайбергенова сияқты ардагерлер болды.

«Шалқар» 1999 жылы уақытша жабылғанға дейін «Шалқар» бағдарламасы атанып келсе, 2002 жылы қайта ашылғаннан кейін (2 жыл 11 айлық уақытша үзілістен соң) «Шалқар» ұлттық арнасы деген атау қалыптаса бастады. Ал 2014 жылғы 10 ақпаннан бастап арна «Шалқар» радиосы атанды. Ұлттық арна атына сай «Шалқар» радиосы 2020 жылдың 1 қыркүйегінде басталған жаңа маусымынан тек қана қазақтың дәстүрлі музыкасын, ұлттық мәдениеті мен әдебиетін, бабалар мұрасы – қазақтың өн мен күйін, ретро музыкасын, өткенімізден сыр шертетін «Алтын қордағы» асыл қазыналарын насихаттауға бет бұрды. Бүгінде «Шалқар» радиосы және Қазақ радиосы мен «Classic» радиосы «Қазақ радиолары» ЖШС құрамында хабар таратады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

МЕЖЕ

Алматы қаласы Қазақстан ғана емес, бүкіл Орталық Азиядағы ең тартымды туристік бағыттардың бірі ретіндегі өз мәртебесін жылдан жылға нығайтып келе жатыр. 2025 жылға арналған CNN Travel нұсқасы бойынша ол өлемдегі үздік туристік бағыттардың қатарына еніп, Орталық Азияның «Capital of Cool» қаласы атанды. Сонымен қатар Bloomberg нұсқасы бойынша 2026 жылы туристерге баруға ұсынылатын үздік 25 бағыттың тізіміне кірді. Мәселен, Mastercard Tourism Insights деректеріне сәйкес, Алматыда шетелдік туристердің шығыны 40 пайызға, ал сапарға деген қызығушылықтары 73 пайызға өскен.

## АЛМАТЫ – ЕҢ ТАРТЫМДЫ ТУРИСТІК БАҒЫТ

Былтыр қалаға саяхаттап келушілер саны 1,7 млн-нан 2,5 млн-ға дейін артқан. Олардың 754 мыңын шетелдіктер құрап, ондағы өсім алдыңғы жылмен салыстырғанда 9,9 пайызды құрады. Соның нәтижесінде көрсетілген туристік қызметтердің көлемі 15,2 пайызға артып, 110,9 млрд теңгеге жетті. Ал туризм саласынан түскен салық түсімі 27,2 пайызға өсіп, 84 млрд теңгені құрады. Оның басым бөлігін қоғамдық тамақтану, спорт, демалыс және ойын-сауық, сондай-ақ уақытша орналастыру қызметтері қамтамасыз етті.

2025 жылы туризм саласына тартылған инвестициялардың көлемі 39,4 пайызға өсіп, 198,8 млрд теңгені құрады. Оның басым бөлігі қалааралық жолаушылар, теміржол тасымалына, өнер, ойын-сауық және демалыс саласына, жолаушыларды құрлықпен және әуе көлігімен тасымалдауға, орналастыру және тамақтандыру қызметтеріне, жеңіл автокөліктерді жалға беру мен лизингке бағытталды.

Almaty Tourism Bureau мен Mastercard Tourism Insights бірлесіп дайындаған 2025 жылға арналған Алматы туризмі жөніндегі талдамалық есепке қарағанда қала қонақтарының 84 пайызы Алматыға жеке мақсатпен, яғни тынығу, серуендеу және бос уақытын мазмұнды өткізу үшін келген. Егер туристік сапар құрылымына қарайтын болсақ: жеке саяхаттаушылар – 37 %, жұп болып саяхаттаушылар – 22%, отбасылық сапарлар – 21%, достармен жасалатын сапарлар – 20% көлемінде болып отыр.

Mastercard төлем жүйесінің талдау деректері бойынша, Алматыға деген туристік қызығушылыққа халықаралық іс-шаралар айтарлықтай ықпал

етеді. Мысалы, 2025 жылы Алматыда халықаралық деңгейдегі 11-ден астам іс-шара өткізілген. Атап айтқанда іс-шараға дейінгі және кейінгі екі аптадағы орташа көрсеткішпен салыстырғанда «Қайрат» пен «Реал Мадрид» футбол клубтары арасындағы ойын (16%) мен Jennifer Lopez (11 %) пен Backstreet Boys (3 %) концерттері болған кезде Mastercard карталары бойынша транзакциялық белсенділік күрт өскен. Талдау айқын фан-базасы бар іс-шаралардың жекелеген туристік сегменттерге әсері анағұрлым жоғары болуы мүмкін екенін көрсетті. Мысалы, «Қайрат» – «Реал Мадрид» матчы кезінде Испанияда шығарылған Mastercard карталары бойынша транзакциялық белсенділік испаниялық клубтың жанкүйерлік базасымен байланысты. Аталған сегментте транзакциялар көлемі 81 пайызға, ал белсенді карталар саны 25 пайызға артқан.

Сол себепті 2026 жылы да Алматыдағы оқиғалық туризм туристер санына айтарлықтай ықпал етеді деп жоспарланып отыр. Оның ішінде SOLANA фестивалі, Cirque du Soleil гастрольдері, Satisfaction Fest және Park Live музыкалық фестивалдері мен Jack White, Gorillaz, Ricky Martin, Natalie Imbruglia, Enrique Iglesias секілді әлемдік артистердің концерттері бар.

Алматыны қазіргі таңда күллі дүниежүзі Орталық Азияның ең ірі қаржы және іскерлік орталығы ретінде таниды. Қала соңғы жылдары аймақтағы медицина, білім, ғылым, мәдениет, спорт салаларының дамуы бойынша да көшбасшылық тізгінді қолына беріп ұстауда.

Е. БЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»



ІІГІ ІС

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы заманауи трендтер мен ұлттық құндылықтар тоғысқан кең көлемде тойланды.



«Әз Наурыз – тазару, жаңару бастауы» атты мерекелік шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар, елшілер мен консулдар, дипломаттар, БАҚ өкілдері, оқу ордасының түлектері, оқытушы-профессорлық құрам мен білім алушы жастар қатысты.

Университет қалашығында киіз үйлерден этноауыл бой көтеріп, келушілерге қазақ халқының қонақжайлылығы мен мәдениетін паш етті.

Мерекенің ашылуында ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы – ректор Жансейіт Түймебаев жиналғандарды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады. Өз сөзінде ректор ҚазҰУ-да өтіп жатқан мерекелік іс-шараның философиясы «Таза Қазақстан» идеясымен тікелей байланысты екенін жеткізді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әз Наурыз – тазару, жаңару уақыты. Тазалық – бұл, ең алдымен, ой

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

тазалығы, сана мен ниет тазалығы. «Таза Қазақстан» бастамасы – мемлекетіміздің мызғымас идеологиясы, ұлт болмысының ажырамас бөлігі болуға тиіс», – деп атап өткен болатын. Біз үшін бұл тек қоршаған орта емес, ең алдымен – сана мен ниеттің тазалығы, Отанға деген адалдық. Сондықтан биылғы тойымыз «Цифрлық Наурыз» форматында жаңаша кейіпте өтуде», – деді ректор.

Сондай-ақ Жансейіт Түймебаев университеттегі «Наурызанама» онкүндігінің нәтижелеріне тоқталды. Университет

басшысының айтуынша, осы уақыт аралығында кампусты абаданандыруға бағытталған «Таза Қазақстан» акциясы экологиялық мәдениеттің нағыз үлгісіне айналған. Ректор «Цифрлық Наурыз» тренді арқылы ата-баба дәстүрінің заманауи технологиялар тілінде сөйлегенін, қайырымдылық жәрмеңкелері мен ұлттық спортты насихаттау шаралары шетелдік студенттер үшін қазақ мәдениетінің бай мұрасын тануға үлкен мүмкіндік болғанын айтты. Сонымен қатар факультеттер мен кафедралар ара-

сында ұйымдастырылған «Таза кампус» жобасының маңыздылығын атап өтіп, бұл бастама білім ордасын гүлдендірумен қатар, жастарды бірлік пен отансүйгіштікке тәрбиелегенін алға тартты.

Салтанатты жиын барысында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов құттықтау сөз сөйлеп: «ҚазҰУ – тек білім ордасы емес, ұлттық рухтың киелі шаңырағы. Бүгінгі «Таза Қазақстан» идеясымен үндескен мереке шаһардың мәдени өміріне ерекше серпін береді», – деп өз лебізін білдірді.

Шара аясында «Таза кампус» жобасының үздік номинация иегерлері марапатталды.

Мерекелік концерт барысында «Наурыз-думан» вокалдык-хореографиялық композициясы ұсынылды. Студенттер мен оқытушылар халық әндерінен попури орындап, көпшіліктің ықыласына бөленді. Әсіресе 100-ден астам өнерпаз қатысқан «Үш алыптың аманаты» атты поэзиялық қойылым Наурыздың рухани тереңдігін көрсетті.

Қонақтар этноауылды аралау барысында тұсаукесер, қыз ұзату және беташар сынды театрландырылған салт-дәстүрлерді тамашалап, мерекелік дастарқаннан дәм татты.

Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ Баспасөз қызметі



**ПӘРМЕН**

# СУ - СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР РЕСУРС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы ынтымақтастық аясында Қытай Ғылым академиясы, Чжэцзян технологиялық университеті, Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті және Қытайдың жоғары технологиялық компанияларының қатысуымен кеңістіктік-уақыттық жасанды интеллект және тұрақты даму жөніндегі Қазақстан – Қытай халықаралық бірлескен зертханасы құрылды. Оның алдында жерүсті және жерасты сулары бойынша деректерді, гидрологиялық және метеорологиялық бақылауларды, жерді қашықтан зондтау материалдарын, топы-



*Қазақстанның су жүйесі қазіргі таңда бірқатар күрделі сын-қатерлерге тап болып отыр. Атап айтқанда: Тянь-Шань өңіріндегі мұздықтардың 50%-ға дейінгі бөлігі жойылған. Бұл 2050 жылға қарай су ресурстарының едәуір қысқару қаупін туындатады. Су ресурстарының 44,3% трансшекаралық сипатқа ие, бұл көрші мемлекеттерге тәуелділікті күшейтеді. Алынған судың 42% ғана соңғы тұтынушыға жетеді, қалған бөлігі тасымалдау барысында жоғалады. 13 мың км-ден астам суару арналары толық есепке алу мен цифрлық бақылаудан тыс қалып отыр. Нақты су балансының болмауына байланысты шығындар мен айыппұлдар 84% артқан.*

рақ пен ландшафт туралы мәліметтерді, су шаруашылығы инфрақұрылымын, аграрлық жүктемені және төтенше жағдайлар тәуекелдерін бірыңғай жүйеге біріктіру міндеті тұр. DeepBAS жобасын іске асыру Қазақстанның ғылыми-технологиялық әлеуетін дамытуда және су шаруашылығы саласына озық цифрлық шешімдерді енгізуде маңызды қадам болмақ.

Сол себепті өткен аптада Алматыда ҚР Ұлттық ғылым академиясы Қытай Ғылым академиясы мен Чжэцзян технологиялық университетінің жетекші ғалымдарымен бірлесіп ғылыми-технологиялық ынтымақтастықты дамытуға, су ресурстары саласына инновациялық шешімдерді енгізуге және озық тәжірибе алмасуға бағытталған кеңес өткізді. Онда DeepBas және SHANG SHAN (Tuduo) кеңістіктік-уақыттық ірі ЖИ моделі мен шешім қабылдауды қол-

дайтын интеграцияланған платформаның таныстырылымы; SIGMA: мониторинг және болжауға арналған цифрлық платформаның көпфункционалды мобильді кешені таныстырылды.

Су ресурстарына түсетін жүктеменің артуы және климаттық өзгерістер жағдайында үлкен деректер мен жасанды интеллектке негізделген интеллектуалды басқару жүйелерін енгізу ерекше маңызға ие. DeepBas (Deep Basin Spatiotemporal AI) жобасы су ресурстарын басқаруды цифрландыру, тиімділік және ғылыми негізделген шешім қабылдау тұрғысынан жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Жобаның негізгі элементтерінің бірі – ұлттық су жүйесінің цифрлық егізін құру. Бұл жүйе: су ағындары мен қорларын болжауға; құрғақшылық пен тасқын сценарийлерін модельдеуге; су ресурстарын бөлуді оңтайландыруға; суару

жүйелерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кеңес кезінде Чжэцзян технологиялық университетімен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан «Жасанды интеллект» қос дипломды білім беру бағдарламасының студенттеріне сертификаттар табыстау рәсімі өтті. Ол «Болашаққа жол: AI дәуірі» тұжырымдамасы аясында ұйымдастырылып, ғылым, цифрлық технологиялар және салалық экономика тоғысындағы жаңа буын мамандарын даярлауға бағытталған стратегиялық ұстанымның көрінісі болды.

Мамандардың айтуынша, Қазақстанның су жүйесі қазіргі таңда бірқатар күрделі сын-қатерлерге тап болып отыр. Атап айтқанда: Тянь-Шань өңіріндегі мұздықтардың 50%-ға дейінгі бөлігі жойылған. Бұл 2050 жылға қарай су ресурстарының едәуір қысқару қаупін туындатады. Су ресурстарының 44,3% трансшекаралық сипатқа ие, бұл көрші мемлекеттерге тәуелділікті күшейтеді. Алынған судың 42% ғана соңғы тұтынушыға жетеді, қалған бөлігі тасымалдау барысында жоғалады. 13 мың км-ден астам суару арналары толық есепке алу мен цифрлық бақылаудан тыс қалып отыр. Нақты су балансының болмауына байланысты шығындар мен айыппұлдар 84% артқан. Қолданыстағы басқару жүйесі деректердің бытыраңқылығымен және реактивті тәсілмен сипатталады, бұл дағдарыстық жағдайларды тиімді болжауға және алдын алуға мүмкіндік бермейді.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

**ПАЙЫМ**

## ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ҚОҒАМҒА ҚАЖЕТТІГІН ДӘЛЛЕДІ

Сот актілерінің уақытылы, сапалы орындалуы құқықтық мемлекеттегі маңызды аспектілердің бірі. Себебі сот шешімдерінің талапқа сай орындалмауы халықтың сот төрелігіне, сот пәрменіне деген сенімін төмендетеді. Бұл мемлекеттің әділдік, заңдылыққа негізделген ұстанымына қайшы. Осыған орай мемлекеттік сот орындаушылармен қатар жұмыс істейтін жеке сот орындаушылар институты тәжірибеге енгізіліп, сот актілерін орындау саласына түбегейлі реформа жасалған болатын. Бүгінде бұл бастама өзінің дұрыстығын, ал жеке сот орындаушылар қоғамға қажет екенін дәлелдеді.

2010 жылы қабылданған «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заң мемлекеттік сот орындаушылармен бірге жеке сот орындаушылар қызметін заңдық тұрғыда үйлестірудің ерекше моделін жасауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде 2011 жылы аралас модель негізінде жеке орындау институты жұмысын бастады. Мұндай модель Канада, Ұлыбритания, Солтүстік Ирландия сияқты елдерде халықтың сенімінен шыққан. Қазақстанда да сот актілерін орындаудың бұл жүйесі құжаттарды сапалы орындаудағы жылдар бойы орын алған мәселелерін шешуге айтарлықтай ықпалын тигізіп келеді.

Республикалық жеке сот орындаушылар палатасының қоғамдағы міндеті мен мақсаты айқын. Палата тек сот актілерін сапалы орындатудың

механизмін жетілдіріп қоймай, жеке сот орындаушылар сапына білімді, білікті мамандарды тартып, олардың шеберлігін шыңдауға, әдептілік стандарттарын сақтауына негіз қалайды. Сот шешімін орындау міндеті жүктелген маманның өз міндетін заң шеңберінен шықпай орындауы маңызды. Өзінен көмек күткен азаматтарды құрметтемейтін, құжаттарға салғырт карап, өзінбілемдікке салынатын мамандарға жеке сот орындаушылар арасында орын жоқ.

Жеке сот орындаушы – үлкен жауаптылық аркалаған мәртебелі мамандық. Бұл қызметті кез келген адам атқара алмайды. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 140-бабында көрсетілген адамдарды қоспағанда, жоғары заң білімі бар, жеке сот орындаушысының



лицензиясын алған және Республикалық палатаның мүшелігіне кірген Қазақстан азаматы ғана жеке сот орындаушы бола алады. Жеке сот орындаушы лицензиясын алу үшін тұрғылықты жері бойынша өңірлік палата тағайындайтын жеке сот орындаушысы тағалымдамадан өту қажет. Тағалымдамадан оң қорытынды алғандар аттестаттаудан өту үшін құжаттарын Әділет департаментіне тапсырады. Осы құзырлы органда аттестаттаудан сәтті өткен жағдайда ғана ЖСО қызметімен айналысу үшін лицензия алуға өтініш беріледі. Әрине, тағалымдама, аттестаттаудан өтпей-ақ жеке сот орындаушысы лицензиясын иеленетін тұлғалар бар. Соның ішінде судьялар, прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде бес жыл жұмыс істегендер, мемлекеттік органдарда

атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласында кемінде екі жыл жұмыс істегендер осындай артықшылыққа ие.

Республикалық жеке сот орындаушылар палатасының бастамасымен қазіргі кезде өңірлердегі филиалдар қызметі лайықты ұйымдастырылып, өз деңгейінде қызмет етіп келеді. Ұжымды ұйыстырып, атқарушылық ісіндегі мәселелерді орынды шешу бағытында да ұдайы ізденістер қолға алынууда. Соның ішінде әдістемелік көмек көрсетіп, жеке сот орындаушылар қызметін дамытуға жәрдемдескені үшін республикалық палатаға алғысымыз шексіз. Бұдан бөлек жеке сот орындаушыларының кәсіби этикасының жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде де, жеке сот орындаушыларының әлеуметтік, кәсіптік құқықтарын қорғауда да палатаның еңбегі ерен. Сондай-ақ өзіне жүктелген істі тиянақты атқарып, қызметінде жоғары нәтижелерге жеткен жеке сот орындаушыларды марапаттап, ынталандыруда да республикалық палатаның міндеті. Бұл басқа әріптестерге қозғау салатын маңызды тетік.

**А.ЕРЖИГІТОВА,**  
Алматы облысы  
атқарушылық округінің  
жеке сот орындаушысы

**ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК**

Қазақстанда әкімшілік әділет институтының қайда болып, қолданысқа енгізілгеніне биыл 5 жыл толмақ. 2021 жылдың 1 шілдесінен бері жария-құқықтық дауларды құқықтық тұрғыдан шешудің бірыңғай тәжірибесін орнықтырған бұл институттың маңызы орасан.

## ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ИНСТИТУТЫНА - 5 ЖЫЛ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің дайындалып, елімізде 21 әкімшілік соттың жұмысын бастауы еліміз үшін үлкен жаңалық болғаны рас. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Азаматтар мемлекеттік органдардың шешімдері мен әрекеттеріне шағымданған кезде көбінесе теңсіздік жағдайға тап болады. Сондықтан, әкімшілік сот төрелігін осы айырмашылықты азайтатын арнайы дауларды шешу механизмі ретінде енгізу қажет» деген сөзі бұл институтты қолға алудың алғышартына айналды. Халықтың өтініш-тілегі мен отандық кәсіпкерлердің сын-ескертпесіне назар аударған Президент әкімшілік әділеттің көп түйткілді тиімді реттейтініне сенім білдірген еді. Міне, бес жылғы сот тәжірибесі шын мәнінде әкімшілік соттардың азаматтардың көңілінен шыққанын айғақтап отыр.

Жаңашылдықты өз деңгейінде жүзеге асыруда Жоғарғы Соттың еңбегі ерен. Жоғары сот органының мұрындық болуымен аймақтардағы мамандандырылған әкімшілік соттарды ғимараттармен қамту, материалдық-техникалық қажеттіліктерін түгендеу жұмыстары дер кезінде, орынды шешімін тапты. Қашанда жаңа соттардың сапалы жұмыс жүргізіп, жаңа заңдардың сауатты қолданылуы судьялардың біліміне, кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты. Осы ретте Жоғарғы Сот тарапынан әкімшілік істерді қарайтын судьяларды оқытып, шеберлігін шыңдауға айрықша көңіл бөлінді. Бұл бағыттағы іс-шаралар бүгінгі күні де тоқтаған емес. Себебі судьялардың тәжірибесін толықтырып, қабілет-қарымын жетілдіру үздіксіз жүргізілуі тиіс процесс.



Бес жылғы сот тәжірибесінен байқағанымыздай, әкімшілік әділеттің қоғамға әкелген жаңашылдығы баршылық. Осы уақыт ішінде әкімшілік әділет мемлекеттік органдармен арадағы дауларда азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді құралы және заңнамалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің тетігі ретінде мойындалды. Жария-құқықтық даулардың басым бөлігінде жеке және заңды тұлғалар тарапынан түскен талап-арыздар қанағаттандырылып, бұл өз кезегінде халықтың әкімшілік әділетке деген сенімін нығайтты.

Десек те, бұл үрдіс мемлекеттік органдар жұмысында көптеген кемшіліктің барын көрсетеді. Себебі мемлекеттік орган қызметкерлерінің әкімшілік рәсімдерді сақтамауы әкімшілік дауларда көбіне-көп қарапайым азаматтар талабының қанағаттандырылуына алып келеді. Сондай-ақ әкімшілік соттарда «соттың белсенді рөлі» мен мемлекеттік органдардың кінәлілік презумпциясының енгізілуінің арқасында азаматтар жиі жеңіске жетеді. Себебі лауазымды тұлғалардың өз әрекеттерінің заңдылығын сотта нақты дәлелдей алмайтынын тәжірибе барысында үнемі байқаймыз.

Тағы бір ескерерлігі мемлекеттік орган өкілдері жария-құқықтық дауларда түбегейлі шешім қабылдамас бұрын азаматтардың уәжін тыңдауға міндетті. Бұл процесураның бұзылуы да сәйкесінше шешімнің күшін жоюға негіз болып табылады. Әкімшілік даулардың көбеюінің тағы бір себебі мемлекеттік органдардың негізсіз, заңсыз шығарған шешімдеріне байланысты. Егер мемлекеттік органдар әкімшілік рәсімдерді назарда ұстап, шағымданған азаматтарды мұқият тыңдаса, дауды алдын ала реттеуге тырысса, сондай-ақ өз ісін жауаптылықпен атқарып, заңсыз шешімдер шығаруға жол бермесе әкімшілік соттарға арыздататын азаматтардың да қатары азаяр еді. Алайда, әкімшілік соттардағы жүктеменің көптігі мемлекеттік құрылымдар жұмысында әлі де жетілдіруді, шешуді қажет ететін мәселелердің бар екенін айғақтайды.

«Илегеніміз бір терінің пұшағы» болғандықтан, әкімшілік әділет институтында жүйелі түрде орын алып тұратын кемшіліктерді мемлекеттік органдармен бірігіп шешу біздің міндетіміз. Соған орай жұмысында кемшілік кеткен құзырлы органдарға сот тарапынан ескерту жасалып, арнайы ұсыныстар жолданады. Сонымен бірге, сот алаңында түрлі форматтағы басқосу, жиындар ұйымдастырылып, онда тәжірибе барысында кездесетін мәселелер бірігіп шешіледі.

**Гүлім МҰҚАНОВА,**  
Алматы қаласы  
мамандандырылған  
ауданаралық әкімшілік  
сотының судьясы

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

# «БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛУ ҮШІН ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ ЖЕТКІЛІКСІЗ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Білім беру жүйесі құқықтық сананың қалыптасу процесінде айрықша маңызды рөл атқарады. Ол тұлғаның құқықтық дүниетанымын қалыптастыруға, құқық туралы жүйелі білім беруге және азаматтық-құқықтық құндылықтарды орнықтыруға бағытталған негізгі әлеуметтік институттардың бірі болып табылады. Білім беру үдерісі арқылы студенттер мен оқушылар құқықтық нормалардың мазмұнын ғана меңгеріп қоймай, сонымен қатар құқықтық ойлау, құқықтық жауапкершілік және заң үстемдігі қағидаттарын қабылдау дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, білім беру жүйесі құқықтық сананың тек когнитивтік (танымдық) деңгейін емес, оның аксиологиялық (құндылықтық) және мінез-құлықтық компоненттерін де дамытуға ықпал етеді. Яғни, ол құқықты білу мен түсінуден бөлек, оны құрметтеу және нақты әлеуметтік тәжірибеде қолдану мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Дегенмен, бұл ықпалдың тиімділігі әрдайым бірқалыпты және жеткілікті деңгейде деп бағалана бермейді. Құқықтық білім берудің мазмұны мен практикалық бағытталуы арасында азын-аулақ алшақтықтың сақталуы, сондай-ақ теория мен құқық қолдану тәжірибесінің әлсіз интеграциясы құқықтық сананың толыққанды қалыптасуына белгілі бір шектеулер қояды. Осыған байланысты қазіргі білім беру жүйесінің алдында тұрған міндеттердің бірі – құқықтық білім беруді практикаға бағдарланған модельге көшіру, интерактивті және кейсілік оқыту әдістерін кеңінен қолдану, сондай-ақ құқық қолдану органдарымен өзара ықпалдастықты арттыру болып табылады. Бұл өз кезегінде құқықтық сананың сапалық деңгейін арттыруға және заң үстемдігі қағидатын тиімді іске асыруға мүмкіндік берері сөзсіз.

– Университетке келген студенттің құқықтық санасы қандай деңгейде болады? Сіз оны «таза парақ» деп қабылдайсыз ба, әлде қалыптасқан көзқараспен келе ме? Сіздердегі білім беру бағыттарымен қандай бағдарламалар бойынша маман даярланады?

– Университетке келген студенттің құқықтық санасы әдетте бастапқы деңгейде қалыптасқан болады. Оны «таза парақ» деп қарастыру дұрыс емес. Себебі мектеп, отбасы, әлеуметтік орта және ақпарат құралдары арқылы белгілі бір құқықтық түсініктері мен көзқарастары қалыптасып келеді. Алайда бұл білім көбіне жүйесіз әрі үстірт сипатта болады, сондықтан университет оны тереңдетіп, ғылыми негізде дамытады.

Білім беру бағыттарына келсек, жоғары оқу орындарында құқық саласы бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде жүзеге асырылады. Бұл жүйе мамандарды кезең-кезеңімен даярлауға, олардың теориялық білімін тереңдетуге және

ғылыми-зерттеу құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті тарих және құқық факультетінде «Құқықтану», «Сот-прокурорлық қызмет» білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярланады. Аталған бағдарламалар студенттердің құқықтық ойлауын қалыптастыруға, нормативтік құқықтық актілерді талдау дағдыларын дамытуға және кәсіби қызметте қажетті практикалық құзыреттерді игеруге бағытталған. Сонымен қатар, университетіміздің оқу үдерісі теория мен практиканың өзара байланысын қамтамасыз ету арқылы білікті заңгер мамандарды даярлауға жағдай жасайды.

– Теорияға басымдық берілетіні жиі айтылады. Практикалық дағдыларды дамыту жеткілікті деңгейде ме?

– Жалпы құқықтық білім беру жүйесінде теориялық дайындыққа басымдық берілетіні жиі байқалады, бұл құқық саласының нормативтік негізін терең меңгеру қажеттілігімен түсіндіріледі. Алайда, практикалық дағдыларды қалыптастыру деңгейі көптеген жағдайда жеткілікті дәрежеде емес деп бағаланады. Студенттердің практикалық даярлығын қамтамасыз ету үшін жоғары оқу орындарында оқу тәжірибесі, сот процестерін модельдеу, құқықтық клиникалар және өндірістік тәжірибе элементтері енгізілген. Дегенмен, бұл мүмкіндіктердің барлығы бірдей жүйелі әрі жеткілікті деңгейде жүзеге асырыла бермейді. Нәтижесінде тұлғалардың теориялық білімі жоғары болғанымен, нақты құқық қолдану қызметінде тәжірибелік дағдыларды игеру барысында қиындықтар туындауы мүмкін. Сондықтан қазіргі кезеңде құқықтық білім беруді жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі – теория мен практиканың интеграциясын күшейту, тәжірибеге бағытталған оқыту әдістерін кеңейту және кәсіби ортаға ерте бейімдеуді қамтамасыз ету.

– Оқу бағдарламалары қаншалықты жиі жаңартылып отырады? Олар қазіргі құқықтық өзгерістерге ілесе ала ма?

– Білім беру бағдарламалары университетіміздің ішкі академиялық саясатына және ұлттық білім беру стандарттарына сәйкес жүйелі түрде, әдетте жыл сайын жаңартылып отырады. Бұл үдеріс құқықтық реформалардың қарқынына, заңнамалық өзгерістердің динамикасына және еңбек нарығының заманауи талаптарына тікелей негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда, оқу бағдарламаларының қазіргі құқықтық өзгерістерге толық әрі дер кезінде ілесуі университетіміздің негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі. Себебі, заңнамадағы жедел трансформациялар мен құқық қолдану тәжірибесінің үздіксіз жаңаруы оқу мазмұнын тұрақты түрде қайта қарауды және бейімдеуді талап етеді. Аталған міндетті жүзеге асыру мақсатында кафедрамызда жыл сайын элективті пәндер жүйесін кеңейтеді, арнайы



практикалық курстар енгізеді және құқық саласының білікті мамандарын оқу үдерісіне белсенді түрде тартады. Бұл тәсілдер теория мен практиканың өзара байланысын нығайтып, білім беру мазмұнының өзектілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Жалпы алғанда, білім беру бағдарламалары құқықтық өзгерістерге барынша ілесуге ұмтылады және үнемі жетілдіріліп отыратын, икемді әрі динамикалық жүйе ретінде қарастырылады.

– Қазіргі заңгерлер нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін қандай дағдылар маңызды?

– Қазіргі заңгерлер нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін тек құқықтық білім жеткілікті, бірқатар кәсіби және қосымша дағдылардың үйлесімі қажет. Ең алдымен, терең құқықтық аналитикалық ойлау қабілеті маңызды. Заңгер құқықтық нормаларды жаттап қана қоймай, оларды нақты жағдайға бейімдеп қолдана білуі және күрделі құқықтық мәселелерді жүйелі түрде талдай алуы тиіс. Екіншіден, практикалық дағдылардың ролі жоғары: құқықтық құжаттарды сауатты дайындау, шарттар мен талап-арыздарды рәсімдеу, сотта немесе келіссөздерде дәлелді позиция ұсыну қабілеті ерекше мәнге ие. Үшіншіден, коммуникациялық дағды-

... тұлғалардың, теориялық білімі жоғары болғанымен, нақты құқық қолдану қызметінде тәжірибелік дағдыларды игеру барысында қиындықтар туындауы мүмкін. Сондықтан қазіргі кезеңде құқықтық білім беруді жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі теория мен практиканың интеграциясын күшейту, тәжірибеге бағытталған оқыту әдістерін кеңейту және кәсіби ортаға ерте бейімдеуді қамтамасыз ету.

лар шешуші факторлардың бірі. Заңгер өз ұстанымын нақты, логикалық және сенімді түрде жеткізе білуі, сондай-ақ клиенттермен, әріптестермен және сот органдарымен тиімді байланыс орнату алуы қажет. Сонымен қатар цифрлық сауаттылық та маңызды бағытқа айналды. Қазіргі құқық саласында электронды сот жүйелері, құқықтық деректер базалары және цифрлық құжат айналымы кеңінен қолданылады, сондықтан технологияларды меңгеру бәсекеге қабілеттілікті арттырады. Қорытындылай келе, заманауи заңгердің бәсекеге қабілеттілігі құқықтық білім, практикалық тәжірибе, коммуникация және цифрлық дағдылардың кешенді дамуына негізделеді.

– Сіздің ойыңызша, бүгін-

гі Қазақстанға қандай заңгерлер жетіспейді?

– Қазіргі Қазақстанның еңбек нарығында заңгерлерге сұраныс бар, бірақ ол жалпы емес, керісінше нақты салалар бойынша тар мамандануымен ерекшеленеді. Зерттеулер мен сараптамаларға сүйенсек, білікті, практикалық тәжірибесі бар заңгерлер қатарынан цифрлық құқық және IT-құқық мамандары – интернет, электронды сауда, деректер қауіпсіздігі, киберқылмыс сияқты салалар дамыған сайын осы бағыттағы заңгерлерге сұраныс артып отыр. Бұл жаңа және тез өзгеретін сала. Халықаралық құқық мамандары – шетелдік инвестиция, халықаралық келісімдер, трансшекаралық даулар көбейгендіктен, ағылшын тілін меңгерген, халықаралық деңгейде жұмыс істей алатын заңгерлер қажет. Корпоративтік құқық мамандары – бизнес саласында компанияларды құқықтық сүйемелдейтін, тәуекелдерді бағалайтын заңгерлер тапшы. Жалпы алғанда, еңбек нарығы «сапалы және арнайы бағыттағы заңгерлерді» талап етуде.

– Жеке тәжірибеңізге сүйене отырып, студенттерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Мен өзімнің оқытушылық тәжірибем, сондай-ақ оқу үдерісінің мазмұны мен жалпы кәсіби талаптарға сүйене отырып, студенттерге бірқатар маңызды академиялық және практикалық ұсыныстар берер едім. Ең алдымен, құқықтық білім алуда тек теориялық даярлықпен шектелу жеткіліксіз екендігін атап өткен жөн. Құқық саласында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үшін нормативтік-құқықтық актілерді меңгерумен қатар, оларды нақты өмірлік жағдайларда қолдана білу дағдысын дамыту аса маңызды. Осы тұрғыда сот процестеріне қатысу, өндірістік практикадан өту, сондай-ақ кейсілік талдау әдістерін жүйелі түрде қолдану студенттің кәсіби ойлау қабілетін айтарлықтай жетілдіреді. Екіншіден, үздіксіз кәсіби даму қағидасын ұстану қажет. Құқық саласы динамикалық сипатқа ие болғандықтан, заңнамалық өзгерістерді тұрақты түрде қадағалау, ғылыми және кәсіби әдебиеттермен жұмыс жасау, сондай-ақ біліктілікті арттыру курстарына қатысу маманның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Үшіншіден, тілдік және коммуникациялық құзыреттерді дамыту ерекше маңызға

БАҒДАР

## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Жаңа Конституция – көз келген мемлекеттің дамуы мен жаңғыруының басты құқықтық негізі. Ол қоғамдағы саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге сай қалыптасып, елдің болашағына бағыт-бағдар береді. Сондықтан жаңа Конституцияның маңызы тек заңдық құжат ретінде ғана емес, ұлттық дамудың стратегиялық құралы ретінде де айрықша.

Ең алдымен, жаңа Конституция азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтеді. Заманауи талаптарға сай қабылданған негізгі заң адам құқығын жоғары құндылық ретінде танып, оның қорғалуына кепілдік береді. Бұл өз кезегінде қоғамдағы әділдік пен теңдіктің нығайтуына ықпал етеді.

Екіншіден, жаңа Конституция мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге мүмкіндік

береді. Билік тармақтарының арасындағы тепе-теңдік сақталып, олардың бір-бірін бақылау және шектеу тетіктері күшейтіледі. Бұл демократиялық принциптердің дамуына жол ашады және биліктің ашықтығы мен есептілігін арттырады.

Үшіншіден, Конституциядағы өзгерістер ел экономикасының тұрақты дамуына негіз болады. Инвестициялық климатты жақсарту, кәсіпкерлікті

қолдау, меншік құқығын қорғау сияқты нормалар экономикалық өсімді қамтамасыз етеді. Осылайша, халықтың әл-ауқатының артуына жағдай жасалады.

Сонымен қатар, жаңа Конституция қоғамдағы тұрақтылық пен бірлікті нығайтады. Өртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделері ескеріліп, ортақ құндылықтар қалыптасады. Бұл ел ішінде келісім мен татулықты сақтаудың маңызды кепілі.

Қорытындылай келе, жаңа Конституция – мемлекеттің жаңару жолындағы маңызды қадам. Ол құқықтық жүйені жетілдіріп қана қоймай, қоғамның барлық саласына оң әсерін тигізеді. Сондықтан оның маңызын түсіну – әрбір азаматтың міндеті.

Аслан ОРАЗГАЛИЕВ,  
Ақтөбе қалалық сотының судьясы



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ЗАҢ ЖОБАСЫ КІМНІҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қоғамдық палата төрағасы, Мәжіліс депутаты Айдос Сарым модераторлық еткен жиында Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Рустам Ахметов заң жобасының негізгі бағыттарын таныстырды. Құжатта жеті негізгі бағыт айқындалған. Олар монополиялық тауар нарықтарындағы бағаны бақылауды күшейту, тергеп-тексерудің тиімділігін арттыру, ұжымдық талап қоюды енгізу. Тауар нарықтарын талдауды жетілдіру және мемлекеттің кәсіпкерлікке қатысуын қысқарту.

Ахметов мырзаның сөзінен түйгеніміз, мұндағы ең маңызды шара – монополиялық нарықтардағы бағаны бақылауды күшейту. Мұның мәні – егер бұрын мемлекет бәсекелі нарықтарға да белсенді араласса, енді талқыланып отырған заң жобасы аясында бұл тәжірибеден біртіндеп бас тарту ұсынылып отыр. Яғни, азық-түлік, бөлшек сауда және қызмет көрсету салаларында бағаны реттеу азаяды. Ал отын-энергетика, көлік және байланыс сияқты жоғары шоғырланған салаларда бақылау күшеймек. Монополиялық жоғары бағаны анықтау рәсімдері жеңілдетіліп, жаңа өлшемшарттар енгізіледі. Бұл – нарыққа «нүктелі әсер ету» қағидатына көшу әрекеті. Алайда, мұндай тәсілдің тиімділігі оны іске асыру сапасына тікелей байланысты екені даусыз.

– Бұл ретте біз монополиялық жоғары бағаны айқындау үшін тергеп-тексеру жолдарын жеңілдетеміз. Нарықтағы басқа да қатысушылардың бағаны жоғарылатуы туралы талапты жоямыз. Халықаралық тәжірибе мен цифрлық нарықтардың әсерін ескере отырып, үстемдікті анықтаудың жаңа өлшемдерін енгіземіз. Сонымен қатар,

монополиялық құрылымға байланысты, табиғи монополиялармен және энергетикалық көмірмен технологиялық тұрғымен байланысты қызметтердің бағаларын реттеуді енгіземіз, – деп түсіндірді агенттігі төрағасының орынбасары.

Сондай-ақ, жаңа құжат жобасында тергеудің тиімділігін арттыру шаралары да көзделіпті. Мәселен, тергеу тәжірибесін жүйелеу және әдістемесін енгізу ұсынылып отыр. Ахметов мырзаның айтуынша, бұл олардың бірізділігін қамтамасыз етіп, сапасын арттыруға мүмкіндік бермек. Сонымен қатар құқық бұзушылықтардың алдын алу құралдары дамиды, антимонополиялық аудит бизнесте заңбұзушылықтарды өз бетінше анықтауға және жоюға мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды бағыт – кәсіпкерлік саласына мемлекеттің араласуын қысқарту. Рустам Ахметовтің айтуынша, Президенттің Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы Жарлығында мемлекеттік кәсіпкерліктің қосалқы рөлі, оның уақытша сипаты және нақты мақсатты көрсеткіштермен шектелуі айқындалған. Заң жобасында стратегиялық және әлеуметтік нысандардан басқа мемлекеттік кәсіпорындарды құру мерзімін бес жылмен шектеу ұсынылады. Даму жоспарларында нақты мақсатты индикаторлар белгіленетін болады.

Сонымен қатар ұжымдық талап-арыздар институтын енгізу көзделген. Бұл тетік тұтынушыларға антимонополиялық істер және өзге де құқық бұзушылықтар бойынша келтірілген шығынды қайтаруға мүмкіндік береді. Тағы бір жаңалық – тауарға қатысты сын-қатерлерді талдау тетіктерін жетілдіру, мемлекет пен кәсіпкерлер арасындағы мәмілелерді талдау ен-

гізіледі. Сондай-ақ, шекті мәндерді төмендету және топшілік мәмілелерді келісу талаптарын жеңілдету тетігі қамтылды.



Талқылау барысында ұжымдық талап қою институтына айрықша назар аударылды. Бүгінде қоғам назарындағы бұл мәселені Астана қаласындағы «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Еркін Томпиов көтерді. Ол қазіргі таңда тұтынушылар құқықтарын жаппай бұзуға тиісті жаза жоктығын және мұның себебі жекелеген адамдардың әділетке жетпейтіндігін, осының салдарынан мыңдаған адамдардың ақша жоғалтып, ал бизнеске еш шара қолданылмай отырғандығын ортаға салды. Сондықтан топтық талап институты енгізілуі керек. Бұл адамдарға корпорацияға қарсы жалғыз өзі емес, процестің тең құқылы тараптары ретінде өз құқықтарын бірге қорғауға мүмкіндік береді. Осылайша

тараптардың тепе-теңдігі қамтамасыз етіледі. Осы орайда Еркін Қалиұлы әуе компанияларындағы овербукинг мәселесін мысалға келтірді. Оларда артық билет сату тәжірибесі айыппұлдарға қарамастан жалғасып келеді. Өйткені ол табысты модельге айналған. Ал ұжымдық талап қою бұл теңсіздікті жойып, бизнесті нақты жауапкершілікке тартуы мүмкін.

Токетерін айтқанда жаңа құжатта біраз мәселелер қамтылып отыр. Бірақ «Атамеке» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма мүшесі-басқарма төрағасының орынбасары Назира Үсенованың айтуынша, ұсынылып

талға Малярчук ұжымдық талап қою тетігіне қатысты бірқатар құқықтық қайшылықтарға назар аударғты. Оның айтуынша, бұл механизм біріншіден, антимонополиялық органның айрықша құзыретін әлсіретуі мүмкін. Өйткені бәсекелестікке қатысты істерді тергеу мен бағалау қазіргі заңнама бойынша тек уәкілетті органның құзырында. Екіншіден, соттардың қарауында «шығыннан артық» сияқты нақты есептеу әдістемесі жоқ, категориялардың енгізілуі құқық қолдану тәжірибесін күрделендіруі ықтимал. Үшіншіден, ұжымдық істер адвокаттық қызметтің коммерциялануына және «инвестициялық соттар» феноменіне жол ашуы мүмкін деген қауіп бар.

Халықаралық тәжірибе де бұл мәселеде екіұшты. АҚШ-та ұжымдық талап қою институты кең қолданылғанымен, ол бірқатар реформаларды қажет еткен. Мәселен, 2005 жылы қабылданған арнайы заң осы саладағы асыра пайдалануды шектеуге бағытталған.

Жиын қорытындысы «Бұл заң жобасы кімнің мүддесін қорғайды?» деген маңызды сұраққа тірелді. Мемлекет пен депутаттардың бір бөлігі тұтынушылар құқығын күшейтіп, әділ бәсекелестікті қалыптастыруды көздейді десе, бизнес қауымдастық реттеудің шамадан тыс күшеюі экономикалық белсенділікті тежейді деп алаңдайды. Шын мәнінде, мәселе «бизнеске қарсы» немесе «халық үшін» деген қарапайым таңдауда емес, осы екі мүдденің теңгерімін табуда болса керек. Егер заң тұтынушыларды шынайы қорғай алса, бірақ бизнесті тұншықтырмаса – бұл тиімді реформа болмақ. Ал егер бір тараптың мүддесі басым түссе, онда жаңа қайшылықтардың туындауы заңдылық.

Қоғамдық палатадағы талқылау көрсеткендей, ұсынылып отырған заң жобасы – экономикалық саясаттың жаңа кезеңіне өтудің белгісі. Бірақ оның табысты болуы нормалардың мазмұнына ғана емес, олардың қаншалықты теңгерімді әрі өміршең болуына байланысты. Ал әзірге бір нәрсе анық, ол – Қазақстан бәсекелестік саясатын қайта қарап жатыр. Бұл өзгерістер нарықты шын мәнінде әділ ете алса игі еді.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

Қазіргі заманғы құқық жүйесінде көмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде танылған.

## БАЛА ҚҰҚЫҒЫН БҰЗҒАНДАРҒА ЖАЗА ҚАТАҢ

Қылмыстық-құқықтық механизмдер бұл қорғауды қамтамасыз етуде, соның ішінде балаларын тәрбиелеу және асырау міндеттерін жалғартатын адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту арқылы маңызды рөл атқарады. ҚР Қылмыстық кодексінің 139-бабы осындай ереженің бірі.

ҚР Қылмыстық кодексінің 139-бабында көмелетке толмаған баланы тәрбиелеу міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, соның ішінде алимент төлемдерін төлеуден жалтарғаны үшін жауапкершілік белгіленген. Қылмыстың объектісі – баланың қалыпты физикалық, психикалық және адамгершілік дамуын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар. Бұл қылмыстың субъектілері – ата-аналар, камқоршылар және тиісті міндеттер жүктелген басқа да адамдар.

ҚР Қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес, көмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделеріне қатысты қылмыстық істер мамандандырылған ауданаралық көмелетке толмағандар істері жөніндегі соттардың қарауына жатады.

Қылмыстық кодекстің 139-бабында көзделген қылмысты жасаған адам ересек адам болғанымен, қылмыстың объектісі – баланың құқықтары.

Қылмыстық кодекстің 139-бабы бойынша істерді қараудың процессуалдық ерекшеліктері келесідей:

- прокурордың мемлекеттік айыптау өкілі ретінде міндетті түрде қатысуы;
  - көмелетке толмағанның заңды өкілінің қатысуы;
  - мұғалімдер мен психологтарды тарту мүмкіндігі;
  - баланың мүдделерін қорғау үшін жабық сот отырыстары;
  - көмелетке толмағанның мүдделерін қорғау қағидасының басымдығы.
- Сот тәжірибесінің қысқаша мазмұны Қылмыстық кодекстің 139-бабында көзделген қылмыстың ең көп таралған түрі алимент төлеуден ұзақ уақыт бойы жалтару екенін көрсетеді. Осыған байланысты сот келесі жайттарды ескереді:
- міндеттемелерді орындамау ұзақтығы;
  - қарыз сомасы;



**Жұлдыз КАМАЛОВА,**  
Павлодар облысы көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

- ерікті түрде орындау әрекеттерінің болуы немесе болмауы;
- айыпталушының әлеуметтік мәртебесі;
- көмелетке толмағанға келтірілген салдар.

Кейбір жағдайларда сот бас бостандығынан айыруды көздемейтін жазаларды тағайындайды, залалды өтеуге және баланың құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған шараларға басымдық береді.

Осылайша, 139-бап бойынша қылмыстық істерді мамандандырылған көмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттарда қарау негізді және баланың құқықтарын қорғау мақсаттарына сәйкес келеді.

Қалыптасқан сот тәжірибесі жазаның сөзсіздігі қағидаты мен көмелетке толмағандардың мүдделерін ең жақсы қамтамасыз ету қажеттілігі арасында тепе-теңдікті сақтауға деген ұмтылысты көрсетеді.

Көмелетке толмағандар істері жөніндегі әділеттің одан әрі дамуы балалардың құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға және олардың заңды мүдделерін бұзғандарды жауапкершілікке тарту тетіктерін жетілдіруге бағытталуы керек.

АЙМАҚ

## Су қоймасы тасқынға тосқауыл қояды

Ақмола облысында Есіл өзені бойында салынуы жоспарланған Есіл контррегуляторының стратегиялық маңызды жобасын іске асырудың негізгі кезеңдері талқыланды. Жобаны Азия даму банкінің қаржылық қолдауымен жүзеге асыру көзделіп отыр. 2025 жылдың күзінде мемлекеттік сараптамадан оң қорытынды алған жоба елдің су саласын дамыудың кешенді жоспарына енгізілген.

Жобалық сыйымдылығы 873 миллион текше метрді құрайтын, ұзындығы 80 шақырымға дейін жететін ірі су қоймасы секундына 4,6 мың текше метрден астам су өткізе алады. Құрылысы 2027–2028 жылдарға жоспарланған нысан Есіл ауданы мен Жарқайың ауданы аумақтарында орналасады. Жоба кешенді мақсаттарды көздейді: тасқын кезіндегі шекті жүктемені екі есеге азайту, сондай-ақ Сергеев су қоймасы мен Петропавл су қоймасының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, жоба жергілікті гидроэнергетиканы дамытуға негіз қалайды және 25 мың гектарға дейінгі суармалы жерді сумен қамтамасыз етеді. Келесі кезеңде өңір басшысы Марат Ахметжанов төрағалығымен мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен жұмыс кеңесі өтіп, жобаны іске асырудың алдағы қадамдары айқындалады.

А.ТОҚАНОВ  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

## Болашақта 1800-ден астам жұмыс орны ашылады

Абай облысының өкімі Берік Уәли «Aidarly Mining» АЖШС бас директоры Ерғали Батталов бастаған компания өкілдерімен кездесті.

Кездесу барысында Аягөз ауданындағы «Айдарлы» кен орнын игеру жобасы талқыланды. Жоба аясында тау-кен байыту комбинатын салу көзделген. Кен орны ашық тәсілмен игеріліп, жылына 75 млн тонна кен өндіру жоспарланып отыр. Нәтижесінде құрамында мыс мөлшері 23 пайыз болатын 1,1 млн тонна мыс концентраты және 7 500 тонна молибден концентраты алынбақ. Жоба толық іске асқанда 1800-ден астам жұмыс орны ашылады. Жобаның іске асу мерзімі 2030 жылға дейін жоспарланған.

«Қазір жобалау жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Осы жылы құрылыс-монтаж жұмысын бастаймыз. Кәсіпорында 2029 жылы іске қосуды жоспарлап отырмыз», – деді Ерғали Батталов. Аймақ басшысы мұндай ауқымды жобаның өңір экономикасы үшін маңызды екенін атап өтті.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ  
АБАЙ ОБЛЫСЫ



**17. Байқау кенесі БҚО әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№4 қалалық емханасы» МКҚ-ы директорының бос лауазымына орналастуға конкурс жариялайды.**

Мекенжайы: БҚО, Орал қаласы, Қапан Мусин к-сі, 62; тел. анықтамалар үшін: +7 7112 527933, +7 705 513 22 54.

**эл.пошта: poliklinika477@med.mail.kz, Poliklinika477@mail.ru кадр кабинеті 302, 3 қабат.**

1. БҚО әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№4 Қалалық емханасы» МКҚ-ы қызметінің мәні: Батыс Қазақстан облысының аумағында лицензияға сәйкес жоғары білікті медициналық көмек көрсету.

2. Облыстық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымының басшысына (директор) қойылатын талаптар:

Медицина саласындағы жоғары білім (бейін бойынша);

«Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша қайта дайындық туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік санаттарын беру туралы куәлік; немесе «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық»; немесе жоғары оқу орнынан кейінгі «Денсаулық сақтау» білім беру бағыты бойынша білім және (немесе) «Бизнес және құқық»; немесе MBA executive немесе full time дәрежесі; денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаттының болуы; денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өттілі кемінде 3 жыл;

медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін – кәсіби құзыреттерінің болуы; дәрігердің біліктілігіне (бейін бойынша) бірінші (жоғары) біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі, клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты.

3. Білуі тиісі: Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 15 наурыздағы Конституциясы, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Қазақстан Республикасының 2015

жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы.

- қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері;

- денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлық-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері;

- басқарудың экономикалық әдістері және ұйым қызметін талдау;

- медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы;

- денсаулық сақтаудағы адам ресурстарын басқарудағы үздік тәжірибелер;

- халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын статистикасы, өлшемшарттар мен көрсеткіштері;

- отандық медицинаның заманауи ғылыми жетістіктері; денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитариялық және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары мен нормалары;

- төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру;

**4. Конкурса қатысу үшін қажетті құжаттар:**

Конкурса қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурса қатысу жөніндегі өтінім;
- 2) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 3) білімі туралы құжаттардың көшірмелерін;
- 4) еңбек кітапшасының (егер бар болса) немесе еңбек шартының көшірмесі, қабылдау және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтар үзінді көшірме не еңбек өтілін растайтын басқа құжат;
- 5) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соттылығы жоқ екендігі туралы анықтама.

Конкурса қатысуға ниет білдірген адамдар

конкурсты жариялаған Кәсіпорынға хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта мекенжайына құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталған күнге дейін электрондық түрде құжаттарды ұсынады.

Конкурса қатысушының оның білімі, еңбек өтілі, кәсіби даярлығы туралы қосымша ақпарат бере алады (біліктілігін арттыру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнынан ұсыныстар және т.б.).

**5. Құжаттарды қабылдау басталатын күн және конкурса қатысу туралы өтініштері ұсыну мерзімі: құжаттар 02.04.2026 жылы мен 16.04.2026 жылы аралығында, сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс күндері қабылданады.**

Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу бастала алдында бір сағат бұрын кешіктірмей ұсынылады. Оларды ұсынбаған жағдайда ол адам әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттарға, кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылданған күннен кейінгі келесі жұмыс күні ішінде хатшы әңгімелесу күні туралы хабарлайды. Хабарлау телефон арқылы, кандидаттардың электрондық поштасына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Байқау кенесі кандидаттарды қабылдау туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізеді.

Әрбір үміткермен әңгімелесудің барысы техникалық тіркеу жадығы арқылы жазылады. Сұхбат келесі кездерінде тұрады:

Кәсіпорынның дамуын таныстыру; кандидаттың қызметтілігін бағалау; Кәсіпорынның дамуымен таныстыру кезінде кандидат, Кәсіпорынның негізгі туындалған проблемаларын және оларды шешу жолдары туралы шараларды ұсынады.

Құзыреттілікті бағалау кезінде денсаулық сақтау саласындағы негізгі нормативтік құқықтық актілер, мемлекеттік бағдарламалар, денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелер және оларды шешу бойынша қабылданған шаралар туралы білім деңгейі анықталады.

6.Конкурсты өткізу күні: құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде. Хабарлама қатысушылардың электрондық мекенжайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу арқылы телефон арқылы жүзеге асырылады.

7. Конкурсты өткізу орны: БҚО, Орал қаласы, Қапан Мусин к-сі, 62; емхананың конференц-залы, 4 қабат.

**Қазақстан Републикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бастау үшін негіздер болып:**

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекеменшік құрылымға тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алудан байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;

5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы заңының 8-бабының 4-тармағына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектелуі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.

**Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар:**

1. Мемлекеттік қызметті көрсету органдарының мекенжайына gov.egov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

2. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу мүмкіндігі бар.

3. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті» арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

4. Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету кезінде нашар көретін адамдар үшін нұсқасына қолжетімді.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары gov.egov.kz интернет-ресурсында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

**Статистикалық деректер:** Әуезов аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы бойынша 2026 жылдың 3 айында 138 мемлекеттік қызмет көрсеткен. Мемлекеттік қызметтердің 100 пайызы «Е-лицензиялау» мемлекеттік баға деректері ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде көрсетілді, 2026 жылдың 1 тоқсаны ішінде «Е-Лицензиялау» МДҚ арқылы 138 өтінім келіп түсті, қарастыру қорытындысы бойынша 63 ЭҚК, 15 - дәлелді бас тартулар берілді; өтініш берушілер 60 өтінішті кері қайтарып алды.

**Түрлері бойынша:**

- Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саласындағы санитарлық-эпидемиологиялық нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін (сәйкес келмейтін) объектіге санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды беру» -48 (берілген - 34, бас тартқан - 14);

- «Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жана түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру», мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 10 жұмыс күні;

- Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды алу туралы өтініш объектінің орналасқан жері бойынша «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы берілді: www.egov.kz.

Өтінішті қару нәтижесі бойынша санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды берілді немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауап берілді.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің қызметтің кіші түрлерінің атауы: - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданылуын қайта бастау; - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу; - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданылуын тоқтату; - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телдұққасын беру

Мемлекеттік қызмет теңдігі көрсетілді.

**Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі келесідей:**

1) көрсетілетін қызметті берушілі: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсебден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін.

2) порталда: (жонделу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда) тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүргізілген кезде өтініштерді қабылдау және қызмет көрсету нәтижелері беру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі - ҚР Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығының Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

- осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін қажетті зертханалық-аспаптық зерттеулерге (сынақтарға) сәйкес тәуелсіз аккредиттелген зертханалар жүргізген зерттеулер (сынақтар) хаттамаларының электрондық көшірмесі.

- жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты (2023 жылдың 1 шілдесіне дейін объектінің техникалық паспорты).

9. «Аягөз Тас» ЖШС (БСН 260240015374) 8 наурыз 2026 ж. хаттамалық шешімімен «Аягөз Тас» ЖШС-н тарату туралы шешім қабылданды. Шағымдар газетте хабарландыру шыққан күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 070200, Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, Ы.Дүйсебаев көшесі, 45Б үй.

10. «Алтын Ай» ЖШС (БСН 891240000101) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050000, Керей-Жәнібек хандар көшесі, 640 В-үй, тел. +7 727 331 7777.

12. «Промснабсервисбыт» ЖШС (БСН 131040015978) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 57, 6-пәтер.

**16. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Академик Н.Ж. Батпеннов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы байқау кенесінің мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурс шарттары, өткізу күні мен орны**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Академик Н.Ж. Батпеннов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы байқау кенесінің мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурсты (бұдан әрі – конкурс) жариялайды.

Конкурсты өткізу орны: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс.

Кәсіпорынның орналасқан жері: 050010, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Абылай хан даңғылы, 15 а.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: травматология және ортопедия саласында білікті, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек; травматология мен ортопедия бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық қызмет, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесінің медицина кадрларын даярлау.

Конкурса қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, сондай-ақ мына талаптардың біріне сәйкес келуі тиіс:

1) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл тәжірибесінің болуы;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктеріндегі мүшелігі.

Мынадай:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кенесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адам байқау кенесінің мүшесі ретінде сайланбады.

Конкурса қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) конкурса қатысу туралы өтініш (еркін түрде);

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін түрде);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат растаған көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың нотариат растаған көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екенін растайтын құжаттар.

Конкурса қатысушының өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіптік деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынған туралы құжаттардың көшірмелері) беруіне болады.

Қатысушы конкурсты өтінімін түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртық конвертке салынып мөрленеді.

Құжаттарды қабылдау басталатын күн – мерзімді баспасөз басылымдарына конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күн.

Құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде мына мекенжайға ұсынылуы тиіс: Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс.

Үміткердің конкурса қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестігіне жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде сұхбат жүргізіледі.

## МҰРАГЕРЛІК

7. Жікей Нұрдыханның 2025 жылғы 25 желтоқсанда қайтыс болуына байланысты артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Шұғыла ұйқшам ауданы, 340/3-үй, 17-корпус, 7-кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.К.Мунға хабарласуы қажет. Тел. 8 775 210 58 54.

14. 2026 жылы 2 наурызда қайтыс болған Исмерген Сарсенбайдың артынан мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.Е. Уайсоваға хабарласуы керек. Мекенжайы Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 101 А, 4 қ. 401-кабинет. Тел: 87012377037.

## ӘРТУРА

2. «МҚҰ ФРИДОМ ФИНАНС Кредит» ЖШС (БСН 190340008954) 609 307 187 (алты жүз тоғыз миллион үш жүз жеті мың бір жүз сексен жеті) теңге сомасына жарғылық капиталдың азаюы туралы өз кредиторларын хабардар етеді.

Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 502, 6 қабат, 608-609 кеңсе.

3. «CAR CITY» (КАР СИТИ) АИЖМК» АҚ (БСН 040240001001) Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке айналдырудың күші жойылғаны туралы хабарлайды.

8. «Almaty De Luxe Sroy Company» ЖШС (БСН 090540003107) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050027, ҚР, Алматы қаласы, Бурундай көшесі, №5 үй. Тел. 8 705 190 80 40.

11. «Достық Құрылыс Алматы» ЖШС (БСН 230440030984), Жарғы негізінде әрекет ететін директор Әлімбердиев Ахтамжол Олижановичтің аталып, осы арқылы жарғылық капиталдың 10 000 000 (он миллион) теңгеге дейін азайтылғаны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Төреқұлов көшесі, 95-үй, 4-көрпесе, 43-пәтер. Тел.: 8 747 705 60 05.

13. «Ақдым-1» ЖШС (БСН 890440004526) өз қатысушыларын 2026 жылғы 18 мамырда сағат 11:30-да өтетін кезектен тыс жалпы жиналысына шақырылатыны туралы хабардар етеді. Жиналыс мына мекенжайды өтеді: Ақмола облысы, Құныштан ауданы, Құныштан ауылдық округі, Құныштан ауылы, Абай Құнышев көшесі, 14-күршілес.

Күн тәртібі: 1. Тыйым салынған мүлікті (жер пайдалану құқығын) іске асыру. Жиналыс өткізу нысаны: бетпе-бет.

Жалпы жиналыс түрі: кезектен тыс.

Жалпы жиналысты өткізу тәртібі: Жарғыға және Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Жиналысты шақырушы — «Ақдым-1» ЖШС директоры Говоров Алексей Николаевич.

## ТАРАТУ

5. «НҰРАСЫЛ-ЛОМБАРД» ЖШС (БСН 150740005184) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Айтеке би көшесі, 21-үй.

6. «Qazax-Gazakh» ЖШС (БСН 210240009539) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Заңғасқан кенті, Рыбкомбинат шағын ауданы, Рыбкомбинат көшесі, 20/1 үй.

</

**15. Алматы жылу жүйесінде 2025 жыл үшін жыл сайынғы есеп бойынша халық алдында жария тыңдау өтті**

Сейсенбі күні, 2026 жылғы 10 сәуірде (басталу уақыты 10:00, аяқталу уақыты 11:40) тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жылу энергиясын беру, бөлу жөніндегі кәсіпорын қызметі туралы 2025 жылдың қорытындысы бойынша жыл сайынғы есеп бойынша тыңдаулар өтті. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-да (бұдан әрі – «АлЖЖ») жария тыңдаулар Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221-үй, 3-қабат, 319-кабинет мекенжайында өткізілді. Сондай-ақ, ZOOM конференциясы арқылы онлайн тарсиляция өткізілді.

**2025 жылдың қорытындылары бойынша жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау - реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну бойынша «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-нің қызметі туралы есеп**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығының 299-тармағына сәйкес есеп келесі ақпаратты қамтиды:

- табиғи монополия субъектісі туралы жалпы ақпарат.
- бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы.
- бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы.

- реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы.
- табиғи монополия субъектісі қызметінің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы.
- реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы.
- реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы.
- қызметтің перспективалары (даму жоспарлары), оның ішінде тарифтердің ықтималдық өзгерістері туралы.

**1. «АлЖЖ» ЖШС туралы жалпы ақпарат.**

«АлЖЖ» ЖШС жылу энергиясын беруді, бөлуді және жабдықтауды жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектісі болып табылады. «АлЖЖ» ЖШС негізгі қызметі «Алматы электр станциялары» АҚ (ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЗТК), «Алматыжылуайэнергет» ЖШС (86 қазандық) жылу көздерінен жылу энергиясын тасымалдауды қамтамасыз ету және Алматы қаласының тұтынушыларының жылытуға және ыстық сумен жабдықтауға жылу энергиясын қамтамасыз ету болып табылады.

- 31.12.2025 ж. жағдай бойынша жылу желілерінің ұзындығы 1 409,8 км құрайды, оның ішінде:
    - Магистралдық жылу желілері (МЖЖ) – 315,8 км;
    - Тарату жылу желілері (ТЖЖ) – 1 094 км.
- Жылу желілерінің гидравликалық жұмыс режимін қамта-

масыз ету үшін 69 сорғы станциясы (магистралдық сорғы станциялары – 20 бірл., бөлу станциялары – 49 бірл.) орнатылды.

БІСЖ-н шекті жүктемелерін түзеу үшін 24 бақ-аккумулятор орнатылды.

31.12.2025 ж. жағдай бойынша пайдалану мерзімі 25 жылдан асатын жылу желілерінің ұзындығы 53,9% немесе 760,4 км құрайды, оның ішінде:

- ТЖЖ: 60,8% немесе 665,2 км;
  - МЖЖ: 30,1% немесе 95,2 км.
- Желілердің негізгі үлесін диаметрі 40 мм-ден 400 мм дейінгі 1 219,8 км (86,5%) құбырлар құрайды, диаметрлері 500 мм-ден 1 000 мм дейінгі желілердің үлесі 190,01 км (13,5%) құрайды.

Жыл сайын «АлЖЖ» ЖШС-н жалпы ұзақтығына «АлЖЖ» ЖШС-н теңгеріміне берілген қайта салынған және коммуналдық жылу желілері қосылады. «АлЖЖ» ЖШС жылу желілерінің ұзақтығы 2024 жылмен салыстырғанда 9,9 км ұзарған.

**2. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығының 6-тармағының 335-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Тарифтерді қалыптастыру қағидалары, ТҚҚ) «АлЖЖ» ЖШС субъектісінің

инвестициялық бағдарламасы Қазақстан Республикасының даму басымдықтары мен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін ескере отырып әзірленді, сәйкесінше оңда:

- қолданыстағы активтерді кеңейту, жаңғырту, жанарту, жылумен жабдықтауды реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсету үшін технологиялық циклде тікелей пайдаланылатын жаңа активтерді құру;
  - энергия үнемдеуді қамтамасыз ету және энергия тиімділігін арттыру;
  - көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің (жылу және ыстық сумен жабдықтау) сапасын арттыру.
- ТҚҚ-ның 6 тармағының 338 тармағына сәйкес бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру «АлЖЖ» ЖШС тарифіне енгізілген пайда мен амортизациялық аударымдар есебінен жүзеге асырылуы тиіс. 2025 жылдың ішінде «АлЖЖ» ЖШС нақты амортизациясы бекітілген мөлшері 4 691,2 млн тт. бола тұра, 6 327,3 млн тт. құрайтынын айта кету керек.

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Департаменті (бұдан әрі – ТМРҚД) 2026 жылғы 9 ақпандағы №13-ОД бұйрығымен 2025 жылдың инвестициялық бағдарламасын орындау жоспарына 4 827,5 млн тт. сомасына түзетуді бекітті, іс жүзінде 2025 жылдың ішінде инвестициялық бағдарламаның орындалуы 4 827,3 млн тт. құрады, яғни инвестициялық бағдарлама 99,96%-ға орындалды.

ҚҚС-сыз

«Табиғи монополия субъектісінің 2025 жылға арналған инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы туралы ақпараты																												
«Алматы жылу жүйесі» ЖШС																												
Қызмет түрі: жылу энергиясын беру және тарату																												
р/б №	Реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну-дың жоспары және нақты көлемдері туралы ақпарат	Пайда және залал туралы есеп	Инвестициялық бағдарлама (жоба) сомасы, мың теңге, ҚҚС қоспағанда										Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландыру-дың нақты шарттары мен көлемдері туралы ақпарат, мың теңге, ҚҚС қоспағанда						Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуының нақты көрсеткіштерін тексеру туралы ақпарат**						Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) іске асыру жылдары бойынша	Ұсынылатын реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасы мен сенімділігін жоғарылау бағалау		
			Жосп	Нақты	ауытқу	ауытқу себептері	меншікті қаражаттар	Реттелетін қызметтерге жатпайтын қызмет	Қарыз қаражаттары	Бюджеттік қаражаттар	Өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша	Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) азаямы, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша	Шығыстардың азаямы, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша	Апаттылықтың азаямы, бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша	өткен жылдың дерегі	ағымдағы жылдың дерегі	өткен жылдың дерегі	ағымдағы жылдың дерегі	жосп	нақты	өткен жылдың дерегі	ағымдағы жылдың дерегі						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27		
1	Жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау	Объектілерді күрделі жөндеу, жаңғырту	жұмыстар кешені	18	18	2025	-5 929 736,80	3 422 447,57	3 379 430,21	43 017,36	азайтуға қосымша келісім бойынша орындалды	3 379 430,21	-	-	-	10 775 383,10	-	-	56,1	53,9	16,39	16,31	2 012	2 005	-	-		
2		ЖСҚ әзірлеу	жұмыстар кешені	14	14			288 551,20	288 551,20	0,00	-																	
3		Мемлекеттік сараптама	жұмыстар кешені	40	40			80 368,27	80 368,27	0,00																		
4		Сорғы, желдету, дәнекерлеу жабдықтау, электр қозғалтқыштар	жиынды дана	48	48			37 369,06	37 367,63	1,43	мем. сатып алу қорытындыларының есебінен үнемделгені	37 367,63	-	-	-													
5		Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	жұмыс дана / жыл	374	374			362 651,28	325 033,41	37 617,87	мем. сатып алу қорытындыларының есебінен үнемделгені	325 033,41	-	-	-													
6		Ілмекті арматура	дана	555	555			178 625,53	178 090,00	535,52	мем. сатып алу қорытындыларының есебінен үнемделгені	178 090,00	-	-	-													
7		БӨЖА аспаптары	дана	24	24			54 194,57	53 516,00	678,57	мем. сатып алу қорытындыларының есебінен үнемделгені	53 516,00	-	-	-													
8		Электрондық жабдықтау (Ұйымдастыру техникасы)	жиынды дана	2	2			10 976,00	10 976,00	0,00	-																	
9		Басқа	жиынды дана	236	236			252 707,86	250 259,71	2 448,15	мем. сатып алу қорытындыларының есебінен үнемделгені	250 259,71	-	-	-													
10		Арнайы механизмдер және техника	жиын.	70	70			53 110,55	53 110,55	0,00	-		8 837,39	-	-													
11		Капиталдандыру	жұмыс	1	1			86 537,10	170 625,68	-84 088,58	-	170 625,68	-	-	-													
				<b>1 382</b>	<b>1 382</b>		<b>-5 929 736,80</b>	<b>4 827 538,99</b>	<b>4 827 328,66</b>	<b>210,33</b>		<b>4 818 491,27</b>				<b>8 837,39</b>	<b>0,00</b>	<b>10 775 383,10</b>										

**3. Бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы.**

2024 жылдың ішіндегі жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне тарифтік сметаның орындалуы.

ҚҚС-сыз

р/б №	Көрсеткіштерін атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік смета	2022 ж. ішіндегі орындалуы	%	Ескертпе
1	2	3	4	5		
1.	Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға жұмсалған шығындар, барлығы	мың теңге	27 389 767,84	31 617 170,69	15%	
1	Материалдық шығындар, барлығы	мың теңге	1 625 811,18	2 741 557,87	69%	
	соның ішінде:					
1.1	Шикізаттар мен материалдар	мың теңге	103 276,65	93 988,10	-9%	Мемлекеттік сатып алулар нәтижесінде үнемдеу
1.2	ЖЖМ	мың теңге	97 502,75	235 235,10	141%	– бензин бағасының 36%-ға, диз.отын бағасының 53% қымбаттауы (2020-2025жж. бастан); – жылу желілерінде өз күшімен жойылатын апаттық зақымдардың көбеюіне байланысты ЖЖМ шығынының артуы (қысқы дизель отыны көлемінің 70 мың литрге көбеюі).
1.3	Су және кәріз	мың теңге	27 728,02	52 873,72	91%	
1.3.1	Шар. қажеттіліктерге арналған су	мың теңге		11 437,03		«Алматы Су» МКК тарифінің өсуі (2020–2025жж. бастан): – технологиялық қажеттіліктерге арналған су 159%-ға; – шаруашылық қажеттіліктерге арналған су 143%-ға; – кәріз 166%-ға.
1.3.2	Технологиялық қажеттіліктерге арналған су	мың теңге	27 728,02	34 449,23	91%	
1.3.3	Кәріз	мың теңге		6 987,5		
1.4	Энергия	мың теңге	1 397 303,76	2 359 550,95	69%	
1.4.1	Өндірістік қажеттіліктерге арналған электр энергиясы	мың теңге	1 329 013,15	2 241 577,10	68%	2020–2025жж. бастан тарифтердің жоғарылауы: – электр энергиясына 86%; – «АлЭС» АҚ жылу көздерінің жылу энергиясына - 59%, «АЖЖ» ЖШС - 109%.
1.4.2	Шар. қызметтерге арналған жылу энергиясы және химиялық газартылған су	мың теңге	68 290,61	117 973,85	73%	
2	Еңбекқым төлеу шығыстары, барлығы	мың теңге	10 679 787,52	10 945 499,75	2%	
3.	Амортизация	мың теңге	4 691 239,86	4 827 328,66	35%	Артық шығын кәсіпорын теңгеріміне қайта жаңғыртылған магистралдық және тарату желілерінің қабилдануына байланысты пайда болған, бұл негізгі құралдардың амортизация шығындарын көбейтсе. Ұзақтығы 98 км ұлғайған. Артық жұмсалуды «АлЭС» АҚ-н жылу көздерінде тарифтерін 5 қыркүйектен бастап 9,5%-ға (5 241 тт/Гкал-ден 5 741 тт./Гкал-ге) және «АЖЖ» ЖШС-н жылу көздерінде тарифтерін 15 қазаннан бастап 10,5%-ға (8 633 тт./Гкал-ден 9 539 тт./Гкал-ге) жоғарылауымен, сондай-ақ 2025 жылдың 1 қазанынан бастап 2026 жылдың 31 наурызына дейін тарифтердің өсуін тоқтата тұрумен байланысты. Сондай-ақ ақшалай түрде артық жұмсалуды бекітілген үлесінің («АлЭС» АҚ – 69%, «АЖЖ» ЖШС – 31%) алдында қызмет көрсету аймақтары («АлЭС» АҚ – 66%, «АЖЖ» ЖШС – 34%) бойынша шығындардың нақты үлесінің сәйкес болмауымен, сондай-ақ ХОВ бағасының өсуімен байланысты.
5.	Жөндеу	мың теңге	954 325,10	1 992 735,58	109%	Артық шығынның негізгі себебі сатып алынатын тауарлар көлемдерінің көбеюі, сондай-ақ 2020 ж. бастап келесі позицияларды қымбаттауы болып табылады: – темірбетон бұйымдарының 43,1% қымбаттауы; – болаттан жасалған өнімдер (құбырлар) 58%-ға; – инерттік материалдар (220%-ға - құм-кырыштықас қоспасы, 132%-ға – құм, 91%-ға – кырыштықас) – асфальтбетон 61%-ға.
6.	Салықтар (экологиялық төлемдер)	мың теңге	1 710,40	1 945,09	14%	Артық шығын қоршаған ортаға кері әсер тигізетін шығарылымдар мөлшерінің көбеюінен есебінен пайда болған (ЖЖМ шығынына жазу көлемінің ұлғаюына байланысты)
7.	Шеттегі ұйымдардың қызметтері, <b>всего</b>	мың теңге	273 744,35	568 064,98	108%	
II.	Кезең шығыстары, барлығы	мың теңге	2 649 804,54	2 861 179,88	8%	
9.	Сыйақы төлеуге шығыстар	мың теңге	5 748,51	5 748,51	0%	«Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша кредиттік шарт
III	Пайда	мың теңге	30 045 320,89	34 484 099,07	15%	
IV	Прибыль	мың теңге	0,00	-5 486 802,13	0%	
V	Кірістердің барлығы	мың теңге	30 045 320,89	28 997 296,94	-3%	
VI	Көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемі	мың Гкал	6 978,80	6 735,37	-3,5%	
VII	Нормативтік техникалық шығындар	%	16%	16%	-0,4%	
VIII	Тариф (ҚҚС қоспағанда)	теңге/Гкал	1 367,70	1 313,01	-4%	
			4 305,23	4 305,23	0%	

**4. Реттелетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіштері туралы.**

2025 жыл кезеңінің ішінде Кәсіпорын 82,69 млрд теңге көрсеткіштері және субъектінің қызмет тиімділігі көрсеткіштері тариф пен тарифтік сметаның бес жылдық шекті деңгейінің шығындық әдіспен бекітілуіне байланысты бекітілмеген (2022 жылғы 11 қаңтардағы №143-ОД Бұйрық).

Реттелетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштері және субъектінің қызмет тиімділігі көрсеткіштері тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолданған кезде бекітіледі (2019 жылғы 13 тамыздағы №73 Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметті жүзеге асыру қағидаларының 13-тармағы).

**5. Қызметтің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы**

2025 жыл кезеңінің ішінде Кәсіпорын 82,69 млрд теңге мөлшерінде кіріс алды, кірістің негізгі сомасы жылу энергиясын өткізуден түскен 74,84 млрд теңгеден құралады; жалпы табыстан ЖАО-дан бөлінген ақша қаражаттарының сомасы 5,66 млрд теңгені құрайды, ақша қаражаттары «АлЭС» АҚ мен «АЖЖ» ЖШС жылу көздерінің алдындағы кредиторлық берешекті жабуға бөлінді; жалпы кірістің 2,19 млрд теңгесі Кәсіпорынның басқа және өзге кірістерінен түскен (коммуналдық желілерге қызмет көрсету, металл сынықтарын өткізу, есепке алу аспаптарын орнату және т.б.).

2025 жылдың ішіндегі шығыстар 88,62 млрд теңгені құрайды, шығындардың негізгі сомасы – 58,99 млрд теңге жылу көздерінен жылу энергиясын сатып алуға жұмсалған. Одан басқа, негізгі шығындар: Амортизацияға – 6,32 млрд теңге; жалақы төлеуге – 11,87 млрд теңге; электр энергиясына – 2,36 млрд теңге; салықтарға – 1,27 млрд теңге; жөндеуге – 2,35 млрд теңге; сондай-ақ басқа шығындарға – 5,56 млрд теңге (айппұлдар, тұрақсыздық айыптары, өсімшұлар, зардап шеккендерге зиянды өтеу, мүшелік жарналар және т.б.) жұмсалды.

2025 жылдың қорытындылары бойынша қаржылық нәтиже 5,9 млрд теңге мөлшеріндегі залалды құрады.

**6. Ұсынылған реттелетін қызметтер көлемдері туралы.**

Есепті кезең ішінде жылу көздерінен – 8 109,78 мың Гкал. сатып алынды, былтырғы 2024 жылмен салыстырғанда бұл 188,11 мың Гкал немесе 1% азайған;

Өткізілгені – 6 735,37 мың Гкал;

Өз қажеттіліктеріне жұмсалғаны – 17,17 мың Гкал;

Қайта енгізілетін объектілерді ойып салу/тоғу – 2,72 мың Гкал;

Коммуналдық желілер бойынша нормативтік шығыстар – 41,50 мың Гкал;

</